Мектептегі сыныптан тыс жүргізілетін тәрбие жұмыстары туралы С.Ш. Әбенбаев [9], З. Әбілова [10], Л.Д. Гуткина [11], Н.А. Смирнов және т.б. еңбектерінде қарастырылып, олардың әдістемелік теориялық негіздері ашылып көрсетілген. С.Ш. Әбенбаевтың «Сынып жетекшісі» атты еңбегінде сыныптан тыс жұмыстардың оқушылардың сабақ үстінде алған білімдерін одан әрі тереңдетудегі және оларды адамгершілік қасиеттерге, өздігінен жұмыс істеуге үйретудегі мүмкіндіктері айқындалады. Бұл жұмыстарды ұйымдастыруда басты тұлға сынып жетекшісі деп саналады.

Сыныптан тыс тәрбие жұмысы – тұлғаның әлеуметтік қалыптасуын қамтамасыз етуде оған жағдай туғызатын тәрбиеші – мұғалімдердің басшылығымен ұйымдастырылатын және сабақтың мақсатымен өзара байланысты болып келетін тәрбие жұмысының дербес түрі ретінде балаға кең көлемде тәрбиелік ықпал ете алады. Демек, үздіксіз білім беру процесіндегі бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беруде сабақтан тыс тәрбие жұмысының мүмкіндігі жоғары.

Сонымен жоғарыда келтірілген бастауыш сынып оқушыларына рухани-адамгершілік тәрбие беру бойынша жұмыс түрлері ойдағыдай жүзеге асырылса, жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде мектептің бастауыш сатысында оқушыларға рухани-адамгершілік тәрбие берудің ерекшеліктері айқындалып, әр түрлі жұмыс формалары, әдіс-тәсілдері, жолдары тиімді қолданылса, ғылыми негізделген бағдарламалар іс-тәжірибеге ендірілсе, онда рухани-адамгершілігі қалыптасқан, ұлттық сана-сезімі жоғары тұлғаны тәрбиелеуге мүмкіндік туады. Рухани-адамгершілік білім нәрімен сусындаған әр адам өзін, өзі арқылы өзгені тануда мейірімді, қайырымды, кешірімді, ақыл-ойы толысқан, бойында «ар», «ұят», «намыс» секілді қасиетті ұғымдардың қалыптасуымен ізгі қоғам құруға қатыса алады. Жақсы тәрбие мен саналы білім алған жас ұрпақ қашанда өмірден өз орнын таппақ.

Әдебиет

1. Қазақстан Республикасы жалпы білім беретін мектептері білім мазмұнын гуманитарландыру тұжырымдамасы.
2. Сухомлинский В.А. Балаға жүрек жылуы. – Алматы: Мектеп, 1991. – 323 б.
3. Коменский Я.А. Избранное / Сост. И.Д. Чечель. – М.: Изд-во «Дом Шалвы Амонашвили», 1996. – 224 с.
4. Иванов С.В. Типы и структура урока. – М.: Просвещение, 1952.
5. Казанцев И.Н. Урок в советской школе. – М.: Просвещение, 1956.
6. Онищук В.А. Типы, структура и методика урока в школе. – Киев, 1976.
7. Махмутов М.И. Современный урок. Вопросы теории. – М.: Просвещение, 1981.
8. Жұмабаев М. Тандамалы. – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 б.
9. Әбенбаев С.Ш. Сынып жетекшісі. – Алматы: Дарын, 2004. – 204 б.
10. Әбілова З. Оқушыларға эстетикалық тәрбие беру. – Алматы: Мектеп, 1972. – 95 б.
11. Гуткина Л.Д. Планирование и организация воспитательной работы в школе. – М.: Центр «Педагогический поиск», 2002. – 160 с.

УДК 371.38

ПРИЯТИЕ ПРИРОДЫ КАК ВАЖНАЯ СОСТАВНАЯ ЧАСТЬ
ЭКОЛОГИЧЕСКОГО ВОСПИТАНИЯ И ЧЕРТА ЗРЕЛОЙ ЛИЧНОСТИ

**Н.Е. Тарасовская, Ж.О. Нурмаганбетов,
В.И. Пашкевич, О.В. Нуркенова**

Авторлар өздерінің педагогикалық тәжірибелерінің негізінде кез келген жастағы адамның табиғатты қабылдай білуін қалыптастыруға, тұлғаның негізгі сипаттарын табиғатқа сәйкес тұжырымдауға және оқушыларды табиғатпен қарым-қатынасқа түсудің қарапайым әдістемесін ұсынады.

Авторы на основе собственного педагогического опыта дискутируют о проблеме формирования приятия природы человеком любого возраста, формулируют основные черты природосообразной личности и предлагают простые методики приобщения обучающихся к природе.

The authors on the ground of own pedagogical experience discuss the problem of the forming of nature adoption by any-aged persons, determine the main features of the nature-purposeful person and propose the simple means and methods for the familiarizing of the pupils to the nature.

Становление и развитие человеческой личности невозможно без постоянного контакта с миром природы и формированием его адекватного отражения. Из всех составляющих окружающего мира (природа, социум, техносфера) человеческий индивид должен контактировать со всеми. Однако реальная обстановка последних десятилетий на фоне растущего обеспечения техническими средствами приводит к тому, что ведущее место в мировоззрении людей всех возрастов занимает проблема обладания и управления техническими средствами, на втором месте – социальные контакты, и лишь на последнем – общение с природой. В результате большинством людей не осознается первичность природы, а одностороннее, узкое мировоззрение не позволяет сформировать целостной жизненной философии и даже адекватного отражения собственного «Я». Очевидно одно: постоянное общение с природой нужно не только людям бионимических профессий, для которых оно составляет профессиональную необходимость. Не случайно А. Маслоу в числе черт зрелой, самоактуализирующейся личности назвал приятие себя, других и природы [1], подчеркнув тем самым единство природы, человечества и каждого субъекта-индивида в адекватном восприятии окружающего мира.

Основным источником мировоззрения современного человека является образование, в первую очередь получаемое в системе существующих учебных заведений. Источником базовых знаний о природе является в первую очередь цикл естественнонаучных дисциплин, изучаемый в школе, а также – в качестве профилирующих и общеобразовательных предметов – в средних специальных и высших учебных заведениях. Но для того, чтобы эти знания стали практической основой мировоззрения и способов действия человека в окружающем мире, необходим, по нашему мнению, упор на реализацию ряда воспитательных задач, направленных на формирование приятия природы человеком. Эти задачи могут и должны осуществляться в процессе преподавания естественнонаучных дисциплин в учебном заведении любого профиля и в целенаправленной воспитательной работе с учащимися или студентами. Это должно быть экологическое воспитание в самом широком его понимании, направленное на приятие человеком Природы в целом, а его результатом будет зрелое мировоззрение, обеспечивающее полноценное функционирование личности в любой сфере.

Основные условия обеспечения приятия природы в учебно-воспитательной работе с обучаемыми любого возраста, на наш взгляд, следующие.

1. В процессе преподавания естественнонаучных дисциплин и учебных экскурсий.

1.1. Обязательная взаимосвязь теории с практикой – наглядное представление обо всех природных объектах (желательно – при непосредственном восприятии растений и животных в природе, а не с помощью иллюстраций или технических средств).

1.2. Опора на бытовой опыт общения с природой (хотя бы минимальный), получаемый еще с детства, который имеется у обучаемых любого возраста.

1.3. Опора на эмоциональный компонент познания природы, который должен предшествовать когнитивному (индивидуализация познания природы с помощью чувств).

1.4. Формирование разумного поведения в природных ландшафтах с четким разграничением опасных и безопасных естественных объектов (без излишнего страха или показной бравады).

1.5. Рассмотрение всех природных объектов не только с антропоцентрической, но и экоцентрической точки зрения, с учетом всех взаимосвязей и взаимодействий каждого вида или группы организмов в природных сообществах.

1.6. Формирование позитивного отношения ко всем растительным и животным объектам, рассматриваемым в школьном и вузовском курсе биологии.

1.7. Отсутствие резкого противопоставления природы и техники: использование технических средств для познания природы и ее охраны, для обеспечения безопасности и комфорта человека в природных (в том числе экстремальных) условиях.

1.8. Максимальное использование натуральных объектов в качестве наглядных пособий при классных и аудиторных занятиях, в том числе содержание в учебных заведениях живых животных и растений.

1.9. Использование опыта местных любителей природы (в том числе коллег по учебному заведению, родителей и родственников студентов и учащихся) в организации уроков, экскурсий, внеклассных учебно-воспитательных мероприятий.

2. В процессе общей учебно-воспитательной работы и психокоррекции обучаемых.

2.1. Создание положительного эмоционального настроения перед контактом с природой и в процессе него; крайне нежелательно грубое давление и санкции.

2.2. Обеспечение физического комфорта и благополучия обучаемых на экскурсиях в природу: одежда по сезону, удобная обувь, еда, питье, хорошее самочувствие перед выходом (отсутствие травм и острых состояний). Негативные эмоции или чувства боли и дискомфорта могут надолго зафиксироваться в памяти и распространиться на отношение к природе в целом. Во время экскурсии сосредоточить

внимание на положительных эмоциональных ощущениях; при усталости – дать отдых и обратить внимание на физическую подготовку с доброжелательными советами. Если большинство участников непривычны к пешей ходьбе и подобным физическим нагрузкам, руководитель должен иметь небольшой запас углеводистой пищи (булочки, печенье, конфеты). Углеводы являются частично окисленными соединениями, легко усваиваются и быстро дают необходимую энергию; это особенно важно при низкой аэробной выносливости участников похода.

2.3. При контакте с природными объектами и естественными ландшафтами желательно задействование всех сенсорно-репрезентативных систем обучаемых с получением зрительной, слуховой, тактильной, обонятельно-вкусовой информации. Для этого руководитель экскурсии может предложить всем посидеть на траве, прислушаться к пению птиц, внимательно рассмотреть окружающий ландшафт, попробовать на вкус съедобные растения, запомнить характерные запахи трав и цветов (донника, тысячелистника, эстрагона, пижмы, аира, сосновой смолы).

2.4. Руководитель должен подавать личный пример в общении с природой: внимательно прислушаться к пению птиц и стрекотанию насекомых, обратить внимание всех участников на красивые и необычные растения, не бояться брать в руки безвредных животных, удобно расположиться на земле для привала. Участники экскурсии должны видеть в преподавателе не только знатока, но и эмоционально не чуждого природе человека; тогда его слова будут убедительны, а воспитательные воздействия – весомы.

2.5. В природных ландшафтах крайне нежелательно использование развлекательных технических средств: музыка, электронных и других игр и т.д. Во время экскурсии нужны лишь необходимые технические средства, служащие для познания природы или обеспечения физического комфорта и безопасности участников: фотоаппараты, видеокамеры, пишущие и нагревательные приборы, оборудование для сбора материала. Техногенные развлечения становятся объектом первоочередного внимания эмоционально незрелой молодежи, и, как следствие, природные объекты остаются вне зоны внимания и не производят никакого впечатления (или же не выдерживают конкуренции с искусственными предметами, которые для получения положительных эмоций не требуют от человека особых интеллектуальных и нравственных усилий).

2.6. Педагогу следует помнить, что при выходе в природные ландшафты резко возрастает внушаемость учащихся. Этому способствуют такие факторы, как свежий воздух, обилие новых впечатлений, одновременная загрузка многих сенсорно-репрезентативных систем [2], физическая нагрузка (особенно если она непривычная), после которой во время отдыха неизбежно наступает релаксация [2, 3]. Поступающая в это время вербальная информация может напрямую проникать в под-

сознание, минуя сознательный контроль. А это значит, что все вербальные воздействия педагога во время экскурсии должны быть продуманными и носить целенаправленный характер (особенно в процессе перевоспитания или психокоррекционных мероприятий).

2.7. Экскурсии в природу следует использовать как совокупность приемов релаксации, как способ концентрированного и полноценного отдыха молодежи. Как уже упоминалось выше, релаксация во время экскурсий в природу наступает вследствие обилия эмоциональных впечатлений и физической нагрузки при пешей ходьбе. Нагрузка естественных природных раздражителей на сенсорные системы (пение птиц, стрекотание насекомых, дуновение ветерка, зрительные впечатления) могут сочетаться с тренинговыми воздействиями и приемами медитации (особенно если эти естественные и целенаправленные психологические воздействия синергичны).

2.8. Пребыванию в естественных ландшафтах можно придать глубоко философский смысл, с размышлением о единстве человека с природой и смысле жизни. С этой целью можно предложить каждому участнику экскурсии поразмышлять, например, о том, кем он был в прошлой жизни, что здесь будет потом, после нас, или перенестись в далекие исторические события, которые могли происходить в степи или в лесу, представить себя свидетелями или участниками этих событий; можно даже объявить конкурс на самый интересный философско-исторический сюжет. Именно в природных ландшафтах человек может почувствовать глубокую взаимосвязь прошлого и будущего, ощутить себя связующим звеном в преемственности времен.

2.9. Естественные ландшафты, а также контакт с природными объектами в быту и учебном заведении, создают неограниченные возможности для развития фантазии обучаемых. А то, к чему человек приложил свою фантазию, уже никогда не будет чуждым и враждебным ему. Более того, с помощью фантазии можно приспособить многие природные предметы для своих бытовых нужд и комфорта. И, таким образом, каждый из нас сможет повторить путь развития человечества – только не с целью покорить природу, а с целью подружиться и приспособиться к ней. В идеале, человек – не властелин, а друг и партнер природы.

2.10. Расширение экосоциальной ниши человека и человечества – важная тема для размышления в процессе общения с природой. Так получилось, что человек освоил для пищевых и промышленных целей ограниченное число видов растений и животных с их окультуриванием и domestikацией во всех вместе взятых регионах мира. А в природе очень много съедобного, в том числе безвредных (и очень полезных и питательных) видов растений, которые можно и нужно использовать для приготовления пищи и напитков. Использование большого числа видов дико-

растущих и культурных растений сделало бы нагрузку человечества на природу в целом более равномерной, и потому менее ощутимой. В любом ландшафте есть потенциально съедобные объекты, и можно предложить участникам экскурсии поразмышлять, какие виды пригодны для пищевых нужд и, возможно, для будущего введения в культуру.

Исходя из опыта работы в учебных заведениях и наблюдения за людьми разных возрастов, мы выделяем следующие основные черты притяжения человеком природы.

1. Природосообразность мышления и смысла жизни, желание преемственности во всем, в том числе:

– желание иметь детей (биологическое родительство);

– знание и притяжение своей наследственности; прогнозирование здоровья, способностей, жизненного пути потомков; адекватное представление о роли наследственности, природной и социальной среды в формировании личности;

– желание воспитывать детей и молодежь, желание передавать свои знания и опыт окружающим, особенно знание природы (различные формы социального родительства);

– желание сохранить красоту природы для потомков;

– адекватная оценка и притяжение своей внешности и физического здоровья, желание улучшить здоровье и повысить работоспособность естественным путем.

2. Естественность, свобода от многих навязываемых условностей, если они чужды миропониманию, создают физический или психический дискомфорт, вредны для здоровья или опасны для жизни. Нравственные и поведенческие нормы воспринимаются человеком не слепо, а с анализом их целесообразности – для жизни, здоровья, безопасности всех и каждого. Четко осознаются границы личного и общего интересов с умением выбирать рациональное компромиссное решение.

3. Открытость миру, как природе, так и социуму: свобода от навязчивых страхов, но не беззащитность. У зрелой, открытой личности нет панического страха перед природными, техногенными, социальными опасностями: заразными болезнями, опасными животными, ядовитыми насекомыми и растениями, преступлением, аварией и т.д. В опасных и нестандартных ситуациях человек старается принять рациональное решение, из всего случившегося с ним извлекает полезный жизненный опыт.

4. Расширение личностных границ, широкое взаимодействие с миром. Постепенное, с приобретением жизненного опыта, расширение границ мира для собственного «Я» (важность которого подчеркивалась Г. Олпортом [1]), причем не

только и не столько за счет антропогенного (техногенного), сколько за счет природного пространства.

5. Сохранение своей целостности, без «растворения» в ком-либо или чем-либо из окружающего мира; четкие границы «Я», самостоятельность в решениях. По сути, любой индивид имеет границы, начиная с клетки. Пользуясь мыслью К. Юнга об архетипах как первичных психических прообразах, зафиксированных в психике человека со времен далеких и даже животных предков [1], мы можем предположить, что соблюдение собственных физических и психических границ может выступать как архетип. Четкие границы «Я» на психосоциальном уровне не позволят человеку стать слепым исполнителем чужой воли и рабом кого бы то ни было – сослуживцев, друзей, родственников, а дадут ему возможность построить гармоничные отношения со всеми.

6. Адаптивность в природе и социуме без ломки своего «Я», умение занять соответствующее достойное место в социальной иерархии, объективная оценка своих интеллектуальных, физических, социальных возможностей с желанием увеличить эти возможности позитивным путем. Иерархия свойственна всей природе, и такой архетип должен был зафиксироваться в психике человека, как и признание роли иерархии для предотвращения хаоса.

7. Творческие способности, нестандартное мышление, фантазия, свежий взгляд на мир. Непосредственное активное взаимодействие с природой, использование и преобразование ее предметов для удовлетворения своих жизненных потребностей является постоянным источником вдохновения и творческой фантазии, который доступен не только для людей биологических профессий, но и для всех, кто имеет хобби, связанные с природой.

8. Рефлексивные способности – умение поставить себя на место не только другого человека, но и иного живого существа. На базе этих способностей формируется адекватное сочувствие, сострадание, желание помочь – не в ущерб своему благополучию и без формирования иждивенческих настроений у тех людей, которым предлагается помощь. Развитые рефлексивные способности предполагают ответственность за жизнь и благополучие животных и растений, особенно зависящих от человека (домашние, декоративные, культурные формы) – с практической реализацией лозунга «Ты навсегда в ответе за тех, кого приручил».

9. Глубокое осознание ценности жизни, собственный этический кодекс с природосообразными критериями зла и блага. Экоцентрический подход к ценности жизни каждого биологического индивида с учетом его роли в природе. Умение взять на себя ответственность за жизнь другого живого существа. Правильное понимание трофической ниши человека, роли рационального питания, в том чис-

ле потребления животного белка, для поддержания здоровья и работоспособности каждого и экономического потенциала страны в целом.

10. Философски-детерминистическое отношение ко всем жизненным событиям, с глубоким пониманием причинно-следственных связей; стремление выявить истинные причины всех событий и явлений; прогнозирование будущего на основе ретроспективного анализа.

11. Природосообразные подходы к охране здоровья – с учетом собственной природной организации (анатомо-физиологических и наследственных особенностей), индивидуальных психологических особенностей, культуры самонаблюдения. Приятие себя как биологического существа.

12. Природосообразные эстетические идеалы: предпочтение силы и здоровья внешнему оформлению, природных предметов – техногенным, включение природных мотивов в рукотворные предметы – как фабричные, так и изделия ручной работы. Адекватное приятие своей внешности.

Для формирования чувства единства с природой мы предлагаем следующие мини-тренинги для учащихся и студентов, которые можно проводить как во время экскурсий, так и в учебных заведениях (в зависимости от условий).

1. Отдых под открытым небом: участники экскурсии располагаются на траве как можно удобнее, сидя или лежа, и делятся впечатлениями о своих ощущениях или увиденном.

2. Звуки природы: участники похода по просьбе преподавателя прислушиваются к окружающим природным звукам – пению птиц, жужжанию насекомых, журчанию ручейка, плеску волн, шуму ветра. Каждый выделяет наиболее понравившийся звук.

3. Живые витамины, или «кушать можно все»: участники экскурсии по примеру и разрешению преподавателя пробуют на вкус различные части съедобных и безвредных растений – листья одуванчика, карагача, липы, кермека, семена мышиного горошка, корни аира и солодки, сосновые и липовые почки, выбирают наиболее понравившийся вкус и сравнивают с традиционными пряностями и пищевыми продуктами. С помощью преподавателя выясняют лекарственное и оздоровительное значение этих растений.

4. Что было до нас, и кем были мы: участникам экскурсии предлагается пофантазировать и составить небольшой рассказ об историческом прошлом данного природного ландшафта; при этом желательно, чтобы сюжет был с его личным участием. Можно объявить конкурс на самый интересный рассказ. События могут быть любые и любой давности, с участием реальных или вымышленных исторических лиц и животных.

5. Что на что похоже: участники экскурсии отыскивают интересные природные предметы (сухие веточки, шишки, камни, плоды растений) и говорят, на что они похожи. Наиболее интересные предметы можно забрать в школу и потом изготовить из них оригинальные поделки на уроках труда или самопознания.

6. Возвращение в природу: кем хотите быть? Внимательно изучив ландшафт и вспомнив всех увиденных животных и птиц, участники экскурсии «входят в образ» наиболее понравившегося животного и рассказывают, почему они захотели быть именно этим существом, и как они будут жить в этом ландшафте (чем питаться, где укрываться от врагов или непогоды).

7. Где бы я построил дом? На привале участники экскурсии фантазируют, как они построили бы себе дом в лесу или в степи, чем бы занимались, как решали бытовые проблемы и т.д.

8. С экзотическими растениями – в тропики: в помещении (учебном кабинете или аудитории), наиболее богатом комнатными цветами, участники рассаживаются каждый под своим понравившимся растением и рассказывают о своем путешествии в ту страну, которая является родиной этого цветка.

9. Город – тоже природа: во время небольшой экскурсии по городу учащиеся или студенты обращают внимание на все встреченные природные объекты – деревья, травянистые растения на газонах, птиц, насекомых и т.д., определяют взаимосвязи организмов в городской экосистеме.

10. Кто живет возле школы (колледжа, университета): объявляется конкурс-эспромт среди учащихся или студентов – кто назовет больше видов животных (птиц, насекомых и др.), которых встречали возле своего учебного заведения.

11. Робинзоны: участники экскурсии (или конкурса в аудитории) всей группой думают, как они будут решать бытовые проблемы, оказавшись надолго на природе, вдали от цивилизации. Можно объявить конкурс между двумя командами – кто предложит более оригинальное решение.

12. Возьми природу в руки: участникам экскурсии предлагается подержать в руках безвредных животных – улиток, лягушку, ящерицу, безопасных насекомых – и рассказать о своих ощущениях или о преодолении страха.

Безусловно, предложенные нами игры, тренинги и конкурсы не исчерпывают воспитывающих и коррекционных возможностей природы, которые, при умелой организации экскурсий, практически безграничны. Думаем, у наших коллег – учителей и преподавателей вузов – накоплен немалый опыт экологического воспитания обучаемых разного возраста. Но основное условие успешной воспитательной работы по формированию гармоничной и природосообразной личности молодых людей – это истинная любовь самого преподавателя к природе.

Литература

1. Хьелл Л., Зиглер М. Теории личности: Основные положения, исследование и применение. 2-е изд., испр. – СПб.: Питер, 1999. – 608 с. (Серия «Мастера психологии»).

2. Психотерапевтическая энциклопедия./Под ред. Карвасарского. – М.: Гуманит. Изд. Центр ВЛАДОС, 1998.

3. Руденский Е.В. Социальная психология. Курс лекций. – Новосибирск, 1993.

ӘӨЖ 37.4

ҚИЫН БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

М.Н. Шаяхметова

В данной статье рассмотрена деятельность школы и семьи, связанная с воспитанием «трудных» детей.

Бұл мақалада қиын балаларды тәрбиелеуде отбасы мен мектептің атқаратын қызметтері қарастырылған.

This article considers activity of school and family connected to upbringing of “troubled” children.

Кешегі тәлім-тәрбиеге көп көңіл бөлетін, иі жұмсақ қазақтың ұл-қыздарының саны азайып келеді. Керісінше, айтқанға көнбейтін, айдағанға жүрмейтін, тізгінсіз кеткен балалар саны көбею үстінде. Қанымызға жат саналған, арымызға дақ салған мұндай құбылыстар қазір қоғамға кереғар фактор ретінде ресми атауға да ие: «қиын балалар». Бала тәрбиесіне басты назар аударған қазақ ұғымында «қиын бала» атауы мүлдем кездеспеген. Бұл шексіз ұғым, ол жеке адамның өзгеру құбылысын жинақтаушы. Осы категориядағы балалардың жалпы адамдық және өзге ешкімде қайталанбайтын қасиеттері, әлеуметтік және биологиялық факторлардың ықпалымен қамтамасыз етіледі.

Ұлы ақынымыз, философ Абай да ұрпақ тәрбиесіне айрықша көңіл бөлген. Ол өзінің отыз жетінші қарасөзінде: «Мен, егер заң қуаты қолымда бар кісі бол-

сам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім», – дей келе, адам мінезінің қалыптасуы тәрбиеге, ортаға байланысты екендігін дәлелдеп берген-ді.

«Қиын бала деген кім? Қиын балалардың пайда болуына қандай факторлар әсер етеді?» деген сұрақ туындайды. Қиын балаларға оқу барысында сабақтан көп қалатын, оқу үлгерімі мен тәртібі нашар, қасындағылармен тіл табыса алмайтын, тәртіпті жиі бұзатын балаларды жатқызады. Психолог мамандар бұл санаттағы оқушыларды «қиын тәрбиеленуші» деп есептейді.

Педагогикалық тәрбиесі қиын балалар – бұлар оқуға, еңбекке, қоғамдық өмірге ықпалы жоқ балалар. Олар дөрекі, әдепсіз, барлық жарамсыз әдеттерге еліктеуге бейім келеді. Мұндай тәрбиесі қиын балаларды тудыратын себептердің бірі – үйелмен тәрбиесіндегі кемшілік, яғни балаларын оқытуда, тәрбиелеуде ата-аналардың жауапкершілік сезімінің жоқтығы бала мінезінде мейірімсіздікті, яғни қатыгездікті, дөрекілікті, өзімшілікті туғызады.

Екінші себеп – бұл үйелмендегі сәтсіздік-маскүнемдік, ұрыс-төбелес, ұрлық, ата-аналардың және басқа үйелмен мүшелерінің жеңілтек мінез-құлқы, ал бәрінен жаманы ажырасу – неке бұзу. Үйелмен тәрбиесінде ата-аналардың мінез-құлқы – шешуші фактор.

Тәрбие процесін басқару өте қиын, ол еш уақытта бірқалыпты жағдайда өтпейді. Белгіленген мақсаттан ауытқып кетушілік болады. Өйткені педагогтар мен ата-аналар тарапынан баланың дамуында адамгершілік қасиеттерінің қалыптасуына ағаттық, педагогикалық қателіктер жіберіледі.

Қиын балалар және олардың мінез құлқы туралы философ, педагог ғалым П.П. Блонскийдің 1920-30 жылдары еңбектерінде пайда болды. Ол балаларға мынадай мінездеме береді: «объективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы – мынадай, ол мұғалімнің жұмысының жемісті еместігіне байланысты. Субъективті көзқараспен қарағанда қиын оқушы – мынадай, онымен мұғалімге жұмыс істеу өте қиын, мұғалімнен көп жұмыс істеді талап ететін оқушы». Істі бүлдіруші оқушыларға толыққанды мінездеме бере отырып, П.П. Блонский өз жұмыстарында мектепті, сыныпты ұйымдастыруға баса көңіл бөледі. Блонский осы мәселені терең зерттей келе, «қайта тәрбиелеудің нағыз тура жолы тәртіп бұзушыларды мәдениетсіз ортадан мәдениетті балалар ұжымына біртіндеп әкелу болып табылады» деген пікірге тоқтаған екен.

Қиын бала мәселесі бойынша ең алғаш зерттеу жүргізген П.П. Бельский кәмелетке жасы толмаған мінез-құлқындағы қиындығы бар балалардың ішкі дүниесін қарастырды. В.В. Трифонов зерттеулерінде «қиын оқушы анықтама-сы – бұл күнделікті педагогикалық әсерге көне бермейтін, өзіне үнемі қосымша уақыт бөліп қарауды, мұғалімнің ерік-жігерін, күшін, қажырлы педагогикалық еңбегін қажетсінетін оқушы. Г.А. Фортунатовтың зерттеулерінде «қиын балаларға»

үлгермеушілер мен тәрбие ықпалына көнбейтін балаларды және психикалық бұзылудан жапа шеккендерді жатқызады [1].

В. Сухомлинский тәрбиені отбасы жағдайын зерттеуден бастайды. В. Сухомлинский баланың денсаулығының мықты болуымен қоса, сабақ үлгерімінің жақсаруы, ой-өрісінің дамуына көңіл бөлді және балалардың 3-4 сыныптарға дейін бірқалыпты, тәртіпті болып келіп, 4-сыныптан кейін бастайтындығын түсіндірді. Ересек кезең – бала тәрбиелеудегі маңызды әрі қиын кезең екенін ескере отырып, ата – аналарды балалармен сырласуға шақырады. «Отан отбасынан басталады» десек, адам тәрбиесі – Отанды сүю, өмірге құштарлық, сұлулықты тану бала бала кезден жанұяда басталатыны баршаға аян.

А.С. Макаренко: «Тәрбие – баламен сөйлесумен, оған ақыл-кеңес берумен ғана шектелмейді. Тәрбие – тұрмысты дұрыс ұйымдастыра білуде, балаға әркімнің өз жеке басы арқылы үлгі-өнеге көрсетуінде», – дейді. Баланы жас кезінен бастап сыйлап, қадір-қасиетін, ар-намысын бағалап, дұрыс сөйлеп, дұрыс қарым-қатынас жасаған абзал. Себебі, жеткіншек шақта балалар намысқор болып келеді. Үлкендердің бақылауын қаламайды және әкімшілік шаралармен жекіріп сөйлеуді ұнатпайды. Сөйтіп, үлкендер мен балалардың қатынасында түсініспеушілік, салқындық туады.

Бұл жастағы балаларға оң ықпал жасайтын ортасы – мектептегі балалар ұйымы. Осы ұйым арқылы ой өрісі кеңейіп, жауапкершілікті сезініп, білім алуға талаптанады. Жеткіншектік кезеңде балалардың кейбір ерекшеліктерін ескере отырып, тәрбие жұмысына көп көңіл бөлген дұрыс: үлкендермен қарым-қатынас, жолдастық, достық сезімдерінің нығаяуы, кітап, кино көруге ынтасы, спортты ұнатуы т.б.

Жасөспірімдік шақта әкімшілік шараларды қолдану өте қауіпті және ешқандай нәтиже бермейді. Сондықтан, олардың іс-әрекеттерін өз бетінше орындауға мүмкіндік беріп, дұрыс бақылау мен педагогикалық басшылық жасау керек.

Бұл кезеңдегі балалардың мінез-құлқына түрлі өзгерістер пайда болады. Мысалы, қыз балалар дене қимылдарына айырықша назар аударып, киіміне, шашына мән береді. Ал, ер балалар әдемі киініп, қыздарға құрмет көрсету, оларға ұнау сезімдері ояна бастайды. Жастар арасында қарым-қатынас дамып, бір-бірімен кездесуді қажет етеді. Жастардың бұл қылықтарын мазақтау, сөгу, сезімдерін күлкі ету, олардың беделіне немесе келешегіне нұқсан келтіреді. Сол себепті, ата-аналар мен педагогтар оларға көмек беріп, келешек өміріне бағыт берген жөн.

Баланың айтайын деген өтінішін ақылдасқысы келген мәселесін ата-анасы тыңдап, ақыл-кеңес беруі керек. Ата-ана отбасындағы үлкендерді сыйлап, құрметтесе, кішілерге қамқор болса, бала да сондай болуға ұмтылады. Баланың тәрбиелі болып өсуіне берекелі отбасының әсері мол екені белгілі.

Л. Керімов қиын балалар тәрбиесі мәселесіне арналған зерттеулеріне де «қиын» оқушыны зерттеуді, ең алдымен, отбасындағы тәрбие жағдайын білуден бастауды ұсынады. Баланың жетіліп қалыптасуында отбасының орны ерекше екенін түсіндіре келе, оқушыға қиын атануға алып келетін ата-аналардың балалармен, мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынасындағы бірнеше кемшіліктерді көрсетіп берген. Бұл қиындықты шешудің негізгі бірден-бір жолы-отбасындағы ізгілікті қарым-қатынастарды орнату.

Баланы дұрыс тәрбиелеу үшін отбасы қоғаммен тығыз байланыста болуы керек. Ғалым-педагог И. Гребенников отбасы қызметін 5 топқа бөледі: ұрпақ жалғастырушылық, экономикалық, тәрбиелік, қарым-қатынастық және бос уақытты демалуды ұйымдастыру.

Демек, отбасында ата-ана осы қасиеттерді барынша бірігіп, жақсы ұйымдастыра білсе және педагогикалық жағынан білімі, психологиялық әдіс-тәсілден хабардар болса, отбасындағы ахуал ерекше болмақ.

Ал бізде қиын балалардың бой көрсете бастаған тұсы – 90-жылдардың орта шені. Сол себепті де еліміздің барлық аймағында девианттық мінез-құлқы бар балаларға арналған арнайы білім беру ұйымдары ашыла бастады.

Отбасындағы тәлім-тәрбиенің шашыраңқы болуы, күнделікті тұрмыстағы дау-жанжалдар мен ұрыс-керістер немесе ата-анасының біреуінің болмауы қиын оқушылардың пайда болуының негізгі факторларының бастапқысы десек те болады. Қиын балалардың пайда болуының екінші себебі, тәрбиенің көзі, баланың барлық қажеттіліктерін орындау: киіндіру, тамақтандыру, тағы басқа қамтамасыз ету деп санаушылық. Шектен тыс қамқорлық пен мектептегі оқу-тәрбие мәселесін де қалыс қалдырмаған жөн. Қазіргі кездегі жас ата-аналар өсіп келе жатқан баласын тым еркелетіп өсіріп жатыр десек артық айтқандық болмас. Тым артық мадақтау мен шектен тыс мәпелеуде өскен бала ешқандай күш жұмсамай-ақ көзге түскісі келеді, егер мұғалім ескерту айтатын жағдайда жылай салатын әлсіз, өздігінен қол жеткізе алмайтын, ерке бала болып өседі. Қазіргі таңда жастардың отбасылық өмірге салғырт қарауынан қара көзді балалар толық емес отбасында немесе жетім балалар үйінде тәрбиеленіп жатыр. Ана мен әке мейірімін сезбеген, тәрбиесін көрмеген тәрбиесін баланың психикасы жарақатталып, қиын балалар санының қатарына қосылады.

Бала мектепке келген кезден бастап оқушы – мұғалім және оқушы – оқушы арасында қарым-қатынас қалыптаса бастайды. Бұндай қарым-қатынасты орындау оқушыға бастапқыда қиын соғады. Жалпы мектептегі мұғалімнің барлық балаларға қойылатын талаптары да көзқарастары да бірдей болуы керек. Дегенмен де кейбір мұғалімдердің өзінің сүйіктілері және сүйікті емес оқушылары да болады. Бұл мұғалімнің оқушылармен қарым-қатынас орнатуын аса қиындатады. Өйткені:

мұғалім өзінің сүйіктілеріне жақсы баға қойып, қолдап отырады, ал қалған балалар қаншама тырысқанмен шет жақта қалып «Мен қанша тырысып айтқанмен де төмен баға қояды» деген пікірлер қалыптасып, оқушылардың оқу мотивациясының төмендеуіне әкеледі.

Д.Б. Элькониннің айтуынша, баланың дамуы кезінде оқу процесінің алатын орны ерекше. Бала мектепке келгенде оның ойында оқуға деген қызығушылық әлі толық қалыптаспаған, тек оқу барысында мұғалімнің ықпалымен қызығушылығы біртіндеп қалыптасады деген.

Қиын балалармен тәрбие жұмыстарын жүргізу барысында талаптар қойылуға тиіс. Әрбір баланың бейім-қабілеті, мінез-құлқына сай шығармашылық қасиеттерін ұйымдастырып отыру қажет. Осы әдісті іске асырудың бірнеше түрлері бар, біріншіден, оқып жүрген мектебін ауыстырып, ата-ана мен мектеп қызметкерлері бірлесе отырып, қасындағы жолдастарының теріс ықпалдарынан бөліп алу. Екіншіден, қиын баланы тәрбиелеуде моральдық тұрғыдан әсер ету. Істеген теріс қылықтарын оқушы арына тигізбей айыптаса, бұл іс оң нәтижесін береді. Үшіншіден, қиын баланың мақсат – міндеттерін қайта құру.

Қиын балаларды қайта тәрбиелеу барысында, ата-ана мен мектептің атқарар ролі зор. Отбасы – оқыту мен тәрбие жұмысындағы мектептің одақтасы. Ол бала тәрбиесі жөнінде мектеппен тығыз байланысты болуды өте жақсы түсінеді. Бала тәрбиесінің отбасында, мектепте нәтижелі болуы ынтымақтастыққа негізделеді.

Көптеген ғалымдардың пікірінше, бала мінез-құлқының қиындығы 6-8 сыныптарда, әсіресе ұл балаларда байқалады. Бірақ соңғы жылдары мінез-құлқы қиын оқушылардың арасында «жасау» тенденциясы байқалады, олардың қатарын енді бастауыш сынып оқушылары толықтырып отыр.

Ұзақ уақыт бойы оқу процесі балалардың екі категориясының есебінде құралып келген бірінші категория – «қалыпты балалар» категориясы, яғни баланың дамуы өз жасына сәйкес және аномалды балалар – дене және психологиялық дамуында айқын ауытқулары бар балалар. Соңғы он жылдардағы ғылыми зерттеулер балалардың осы екі категориясы арасында аралық буын бар екенін дәлелдеді. Осы аралық буынға оқудағы қиыншылықтары және мінез-құлқындағы ауытқулары бар балалар жатады, оларды көбінесе «қауіп-қатер балалары» деп атайды. Олардың бойында дене және психологиялық дамуында көзге көрінетін аномалиялары жоқ. Алайда жағымсыз жанұялық және әлеуметтік жағдайлар салдарынан бұл балалардың мектеп жасына жеткен кезде мектепте жақсы оқуы үшін қажетті қасиеттері мен дағдылары жоқ. Денсаулығының әлсіздігі, жұмыс қабілетінің төмен болуы, өз құрдастарынан психикалық дамуы жағынан артта қалуы, қауіп-қатер факторы, үлгермеушілік, мектепке үйрене алмаушылық, тәртібінің нашарлығының себептері болып табылады. Ғалымдардың ой-пікірлеріне жүгінетін болсақ, девианттық мінез-

құлықты балаларға ортаның келеңсіз ықпалынан және педагогикалық процестің жеткіліксіздігінен рухани көзқарасының дұрысқалыптаспағандығы, сезімнің дәрменсіздігі, қоғамдық мінез-құлық дағдысының жоқтығы айқын, әрі үнемі байқалып тұруы жатады. Мінез-құлық қиын балалар арасында жүргізілген көптеген зерттеулер қорытындысы бойынша үлгермеушілер қатарын бастауыш сынып оқушылары толықтырып отыратын көрінеді. Мінез-құлықтың мұндай белгілерінің пайда болуының өзі болашақта әлеуметтік-психологиялық дезадаптацияның тұрақты түрлерінің қалыптасуына, мінез-құлық бұзылуының амникалық және криминологиялық белгілерінің пайда болуына әкеліп соқтырады.

Қиын балалардың психологиялық ерекшеліктері теориялық тұрғыдан Л.С. Выготский (1928) талқыланды, сондай-ақ А.С. Макаренко тәжірибелерінен де үлкен орын алады. Бұл мәселенің ары қарай талқылануына үлес қосқан зерттеушілер қатары да біршама.

Бастауыш мектеп кезеңі баланың жеке басының ары қарай қалыптасуы үшін аса маңызды рөл атқарады. Оның өмірінде мектеп табалдырығын алғаш аттаған күннен бастап айтарлықтай өзгерістер пайда болады, дамудың әлеуметтік жағдайы түп-тамырымен өзгереді, бала үшін жетекші орын оқу әрекеті қалыптасады. Отбасы тәрбиесі – бұл қоғамдық тәрбиенің бір бөлігі, мемлекет алдындағы ата-аналардың борышы. Бала өмірін және іс-әрекетін ұйымдастыруда негізгі жағдайлардың бірі – ұтымды ырғақ жасау. Күн тәртібі – өмір тәртібі, еңбек пен демалыстың парасаттылықпен, кезектесіп өтуі, талаптарды орындау, жақсы әдеттерді қалыптастыру. Отбасында тиімді тәрбиелеудің белгілі ережелерін басшылыққа алған жөн:

– баланы бар қалпында сүйю, құрметтеу қажет;

– балаға әсер ететіні құрғақ сөз емес, оның қалай айтылғаны, шын көңілден шыққандығы;

– баламен қатынас оның жас ерекшелігіне сәйкес болуы шарт, сонда ғана үлкендер мен кішілер арасындағы дау-дамай туындамайды да ең қонымды тәрбие әдісін таңдап алып, қолдануға болады;

– баланың не айтқысы келетінін түсініп алған жөн, асығыс қорытынды жасаудан сақтанған жөн;

– жазаны істеген келеңсіз әрекеті үшін қолдануға үйренген жөн, баланы намысына тиіп, қорламаныз (ешуақытта бала жаман емес, оның қылығы жаман);

– бала жөнінде басқалар тарапынан айтылған сын пікірлерден қорытынды жасаудан бұрын оның өзімен әңгімелесіп, әрекетінің себебін анықтап, кейін шешім қабылдаған жөн: жұрт алдында өз беделінді жоғалтамын деп шошынудың қажеті шамалы, өз балаңның сенімінен айырылып қалмағаны дұрыстау;

– өз балаңызға қанша рет «жоқ» деп, бетін қайтаратыныңызға мән беріп көріңіз, содан қорытынды шығарыңыз. Бала ата-анасына түгелдей тәуелді;

– бала жасына қарамай, басыбайлы қадағалауды жек көреді. Ата-анасының өз өміріне шын ықыласпен араласқанын ұнатады. Бала табиғатынан ата-анасын сүйеді;

– баламен өмір, тұрмыс жөнінде жиі сұхбаттасып тұрған жөн, себебі қателіктен ешбір адам қашып құтыла алмайды;

– баланы қиындықтар құрсауында жападан жалғыз қалдыруға болмайды.

Отбасы тәрбиесінде қолданылатын бұл әдістер – бұл өнеге-үлгі, бірлікті еңбек, іс-әрекет, әңгіме-сұхбат, қолдап-қуаттау, баланы қорғау. Балаға болған қатынас, ата-аналар арасындағы байланыс, басқа адамдармен араласу, отбасы ішіндегі тұрмыс процесі, барша отбасылық істер. Сондықтан да тәрбие үшін арнайы шарт, жағдайлар жасаудың тіпті де қажеті жоқ – тек қана дұрыс, инабатты, адамгершілік әдеп сақтап, өмір сүруді басты ұстаным етіп алу керек. Балалардың күн тәртібі жұмыс қабілетін толық сақтау үшін еңбек пен демалыстың кезектесіп өтуінің қажет екендігін көрінетін И.П. Павловтың іліміне негізделеді. Күн тәртібін баланы жинақылыққа, тілалғыштыққа, дәлдікке мұқияттылыққа үйретеді, денсаулығын нығайтады, еңбек қабілетін жақсартады. Дұрыс ұйымдастырылған күн ырғағы белгілі дағдыға үйретеді, дағды әдетке айналады. Әдет келешекке бала қажетін қанағаттандырады. Қазақ – тәлімгер халық. Салт-дәстүр арқылы келешек ұрпаққа адалдық, еңбек, эстетика, тәлім-тәрбие берген. Өскелен ұрпақты нашакорлықтан, ұрлық жасау ісінен аулақ болуға, алдын-алу мақсатында, олардың санасына адамгершілік қасиеттің рухын ұялатуға, Ата-бабаларымыз, өнерпаздығымен отбасы мүшелерінің бір-біріне деген достық қарым-қатынасымен, ерен еңбегімен балаларына үлгі өнеге көрсеткен.

Қазір – жаһандану мен ақпараттық технологиялар дамыған заман. Сол себептен де болар, балалардың ой-өрісінің, ойлау қабілетінің, өмірге көзқарасының кейінгі жылдары өзгере бастағаны анық байқалуда. М. Жұмабаев «Педагогика» атты еңбегінде «жас бала – жас бір шыбық, жас кезінде қалай иіп тастасан, есейгенде сол иілген күйінде қалмақ» деп түйін жасайды.

Абайдан бастап, бертінге дейінгі ақын-жазушыларымыздың, дара есімді тұлғаларымыз бен ғалымдарымыздың жазып кеткен дүниелерінің қай-қайсысын алып қараңыз, барлығында да негізінен тәлім-тәрбиенің мәні мен баланы жақсыға бесіктен бастап баулу керектігі айтылады, яғни алдын алу формасы түрінде. Бүгінгідей ғылыми еңбектер жазып, зерттеулер жүргізбей-ақ, ата-бабаларымыз бір ауыз сөзбен-ақ қай кезеңде де, қай дәуірде де құндылығын жоймайтын бала тәрбиесінің тұжырымдамасын айтып кеткен. Нақтырақ айтсақ, «баланы жетіге келгенше тыйма, жетіден он төртке келгенше құлыңша қина, он төрттен кейін

күрдасындай сыйла» деп, баланың ой-өрісінің даму кезеңдерін белгілеп көрсетіп берген. Бала тәрбиесінде осы бағытпен жүрсек, еш қателеспейтініміз анық.

Әдебиет

1. Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – Алматы: Эверо, 2004.
2. Бабаев С.Б., Оңалбек Ж.К. Жалпы педагогика. – Алматы: Заң әдебиеті, 2005.
3. Педагогика. – Алматы: Қазақ университеті, 2006.

УДК 39 (574)

ДАЛАЛЫҚ ЕРТИС ӨҢІРІНДЕ «ӘУЛИЕ» ЕСКЕРТКІШТЕРІНЕ ТАБЫНУ

Е. Абеуова

Бұл мақалада далалық Ертіс өңірінің «әулие» ескерткіштеріне табыну рәсімдеріне қысқаша сипаттама берілді.

В данной статье дается краткое описание обряду поклонения памятникам степного Прииртышья.

In this article is given the short description to a ceremony of worship monuments steppe Priirtyshe.

Кең байтақ қазақ жеріне ислам діні IX-X ғасырларда ене бастаса да, халық арасында ата-бабадан қалған ежелгі наным-сенімдер өз күшін жоғалтпады. Ш. Уалихановтың ойынша, қазақтар арасында ислам діні мұсылмандыққа дейінгі нанымдармен тығыз араласты. Қазақтар бақсы-шамандарға сенді, ишандардың айтқан көріпкелдік сөздерін тыңдады, табиғат объектілері болып табылатын ағаш, өзен-көлдер мен үңгір-бұлақтарды қасиетті, киелі жерлер деп санады, әулиелі адамдардың молаларына барып сыйынды [1]. Бұл ежелгі нанымдар мен сенімдер бүгінгі күнге дейін әлі ұмытылмаған. Сол себепті әулиелік культ аса бір өміршен құбылыс ретінде мұсылман халықтарының өмірінде маңызды орын алып отыр. Әулиені құрмет тұтушылар оны адам мен Құдай арасындағы аралық күш ретінде қарастырады. Аса құдіретті, қол жетпес күш ретіндегі Құдайға қарағанда әулиемен жеке байланыс орнатуға болады, және ол адамдардың жеке өмірінде қамқоршысы, кеңесшісі бола алады. Бір сөзбен айтқанда әулиелік культін ислам дінін тұрмыстық деңгейде ұстанудың өзіндік бір формасы деп анықтауға болады [2]. Сондықтан да бұл құбылыс халықтың өмірімен біте қайнасып, бірігіп кеткен ажырамас бір бөлігі болып табылады. Сол себепті әулиелерге табыну рәсімдерін зерттеп, оларды сипаттау баяндаманың негізгі мақсатын айқындайды.

Әулиелерге табыну культі қарапайым халық арасында өте маңызды орын алады және бұның тарихы тереңде жатыр. Ислам дінімен бірге бұл культ өте кең таралған. XIX ғасырда өмір сүрген венгрлік шығыстанушы И. Гольдциер былай деген: «Почитание святых стало оболочкой, под которой внутри ислама могли сохраниться уцелевшие остатки побежденных религий» [3]. Яғни, қазақ халқының ислам дінін қабылдауы барысында тәңірлік дүниетанымның кейбір элементтері жаңа дүниетанымдық ұстанымдармен біте араласып, «әулие» ұғымының мазмұны толығы түсті.

Әулиелерге зиярат етуге болмайды деген қағида Ислам дініде жоқ. Пайғамбарымыз с.ғ.с-ның өзі хадисінде: «Қабірді зиярат етушінің күнәсі төгіледі» – деп бекерге айтпаған шығар.

Қай әулиенің басына барсаң да, міндетті түрде шырақшысы отырады. Олар зиярат етуге келген адамға Алладан дұға тілеудің жөнін айтып отырады.

Дінді терең білген бабаларымыз: «Әулиеге түне, Құдайдан тіле» деп, әулиені құрметтеуді, Құдайдан дұға тілеуді ұрпақтарына нақыл сөзбен қалдырған.

Осыған байланысты қазіргі кезде әулие деп саналатын ескерткіштерге сыйыну, табыну рәсімдері үлкен қызығушылық тудырады.

Әулиелерге табыну ең алдымен ата-баба аруағына табынумен, яғни ата-баба культімен немесе басқаша айтқанда атақұлдықпен байланысты. Ол дегеніміз өлген адамдардың аруағы мен тірілердің арасында қатынас болатындығы, олардың бір-біріне әсер ететіндігі, туыстық байланыстың сақталатындығы туралы сенімнің нәтижесінде пайда болған нанымдар мен рәсімдер комплексі [4].

Діни сенім бойынша аруақтары пәни дүние пенделерінің тағдырына ықпал жасайтын аса қасиетті де киелі адамдар болады. Мұның көне түсінігі: тірі кезінде көріпкел тәуіптілігімен немесе ғұлама білімдарлығымен, бүкіл еліне, әйгілі елшілігімен танылған ерекше тұлғаларды о дүниелік болғаннан кейін әулие тұтқан. Және бұл адамдардың зираттары қасиетті деп саналған. Себебі әулие дегеніміз желеп-жебеуші, ерекше діндарлығымен, дін жолына кіршіксіз берілгендігімен халық сеніміне ие болған қасиетті тұлға [5].

Қазіргі күнде де далалық Ертіс өңірінің аумағын алып қарайтын болсақ, әулиелі ескерткіштер бұл жерлерде баршылық. Міндетті түрде жергілікті тұрғындар ол жерлерді пір тұтып, оларға табынады. Әулиелерге табыну ең алдымен дұға оқытып, ақтық байлау, садақа салу, сонымен қатар әулиелі адам болса оның құрметіне құрбандық шалынып, сол жерде түнеу секілді рәсімдерден көрініс табады. Ал енді әрбір табыну рәсіміне қысқаша тоқталайық.

Қасиетті деп саналатын жерге адам баласы табынған кезде ең алдымен оның жан дүниесі, ары таза болу керек. Міндетті түрде құдайға құлшылық етіп, егер ескерткіш «әулиелі» адамның зираты немесе «әулиелі» адаммен байланысты болса, онда дұға оқытылып, ақтық байланады. Дұға оқу ислам дінімен байланысты болса, ақтық байлау ежелгі нанымдардың біріне жатады. Көне деректерге көз жіберсек ақтық байлау, яғни ақ матаның бір шетін ағашқа немесе зираттың бір қабырғасына байлау дегеніміз, сол мата арқылы аруақпен байланыс орнату. XIX ғасыр аяғында көбінесе кедей адамдар құрбандық ретінде ақтық байлаған [6]. Көп жағдайда адамдар ішінен тілектерін білдіріп, сол орындалсын деп аруақтан көмек сұрап ақтық байлайды. Кейбір жерлерде ақтықты байламайды, оны тұтас мата түрінде қабірдің үстінен жабады. Мысалы: ШҚО, Семей қаласы, Абай ауданының

аймағында орналасқан Жидебай кешенінде Абай Құнанбаев пен Шәкәрім қажы зираттарын толық ақ матамен жауып, оның үстінен сипап өз тілектерін білдірген адамдар болған [7].

Сонымен қатар «әулиелі» ескерткіштерге табынған кезде міндетті түрде құрбандық шалынады. Құрбандыққа барлық малды шала береді, соның ішінде көбіне еркек малды сояды.

Ислам дінінің салты бойынша құрбандықты тек Аврам пайғамбарды еске түсіру құрметіне – құрбан айтта ғана мал сойылады. Ал қазақтар болса кез-келген қиындық басына түскенде, тәңірінің атына, малды құрбандыққа шалып аруақтарының басына барып, мінажат ете береді. Мұндай, ислам дінінен ауытқитын құрбандықтарды, ертедегі пұттық діннің көріністерін бүркемелеу үшін садақа, құрбандық деп атаған.

Кеңестік дәуір зерттеушілері Қарқаралы хұзырхатын дайындаған зиялылардың қатарына Ахметті қоспаған, бірақ, «Қарқаралы хұзырхатын дайындаған Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Жақып Ақпаев» [6. 39 б.], – деп өз еңбегінде тарихшы ғалым К. Нұрпейісов көрсетіп өткен. Әрине, Қарқаралы хұзырхатын жазған Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақпаевтардың еңбегі зор. Бұл пікірімізді айқындайтын деректер де бар. Хұзырхатты дайындауға Байтұрсыновтың белсенділігін көрсету үшін, М. Әуезовтың «Аханның елу жылдық тойы» мақаласына жүгінсек, онда: «1905 жылы Қарқаралыда Ахаң мен басқа да біраз оқығандар бас қосып, кіндік хұкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петициядағы аталған үлкен сөздер: бірінші – жер мәселесі. Қазақтың жерін алуды тоқтатып, переселендерді жібермеуді сұраған. Екінші – қазақ жұртына Земство беруді сұраған. Үшінші – ортаршылдардың орыс қылмақ саясатынан құтылу үшін, ол күннің құралы барлық мұсылман жұртының қосылуында қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. Петициядағы тілек қылған ірі мәселелер осы. Ол күндегі ой ойлаған қазақ баласының дертті мәселелері осылар болғандықтан, Ахандар бастаған қыр қазағының ішінде өткір ойымен тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себеп болған» [7. 19 б.], – деп, сол хұзырхат арқылы қойылған талаптарды атап көрсету арқылы Ахметтің тікелей қатысы бар екендігін және халықтың оянуына түрткі болғандығын көрсетіп растайды. Демек, Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті Комиссиясының қорытындысында «1905 жылы төңкерістік оқиғалар тұсында ол Қарқаралыда шеруге қатысқандар қатарында болды», – деп көрсетілген мәлімет ойымызды бекіте түседі [8].

1905 жыл қазақ азаттық қозғалысының өрлеу, жаңа сатыға көтерілу кезеңін бастап берді, ал саяси күрес әдісі ең алдымен патшаға, орталық билікке хұзырхат жазып тапсыру түрінде көрінді. Жан аямас отарлық езгідегі қазақ елінің мұқтажын білдірген хұзырхаттар батыста Оралда, оңтүстік-шығыста Жетісуда, орталықта – Қарқаралыда, яғни қазақ даласының барлық аймақтарында жазылып, арнайы құрам (делегация) арқылы Петербордағы үкімет орындарына тапсырылды. Бұған себеп, 1905 жылы 18 ақпанда мемлекеттік Сенатқа Ресей империясындағы барлық халықтардың Министрлер Кеңесіне өтініш жазуына құқық беретін жарлыққа патша Николай екіншінің қол қоюы болды. Тарихшы ғалым М. Қойгелдиев өз еңбегінде мұндай күтпеген жарлық өзінің мазмұны мен патшалық құрылыстың жоғарғы билеушілері арасында да қобалжу мен түсініспеушіліктерді туғызды, деп көрсетті [3. 140 б.]. Әрине бұл жарлық төңкерісшіл күштерге қарсы күресте уақыт ұту,

арыз-тілек арқылы «қамқор патшаның» халық мұқтажына назар аударғанының көрінісін жасап, халықтың ашу-ызасын тұншықтыру үшін жасалған үкіметтің алдамшы әрекеті болатын. Осыдан басталған жоғарыға хұзырхат жолдау науқаны өздерінің мұң-мұқтажын мемлекеттік мекемелерге жазбаша өтініш түрінде жазуы қазақ халқының қоғамдық-саяси өмірінде елеулі орын алды. Қазақ ұлтының атынан орталық билік орындарына жөнелтілген хұзырхаттар осы саяси қозғалыстың бағдарламалық нысанасын білдіреді. 1905 жылғы 6 тамыздағы Мемлекеттік Дума жөніндегі патша манифесі басқа ұлттармен бірге қазақ еліне де депутат сайлау құқығын берді. Депутат сайлау науқанына араласқан қазақ саяси зиялылары жалпыұлттық мүдде тұрғысынан үгіт-насихат жұмысын белсенді жүргізіп, сайланған өкілдерге аманат тапсыру ісіне жетекші бола алатын саяси партия құру қажеттігін түсінді. Қазақ зиялы қауымдарының ішінде белсенді жетекшілік етіп, рухани көсеміне айналған А. Байтұрсынов 1905-1906 жылдары ұлттық мүддені негізге алған саяси партия құру әрекетін қолға алғандар арасында болды, бірақ ұлттық мұратты көздеген саяси ұйымды құруға қажетті алғы шарттар әліде пісіп жетілмеген болатын. Осыған байланысты саяси партия құру мәселесі кейінге қалдырылды.

Профессор М. Қойгелдиев өз еңбегінде Қарқаралы хұзырхатын құрастырушылардың саяси өсу деңгейі мен тарихи орны туралы былай дейді: «авторларының сапалы жаңа даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патшалық билік алдына қойып, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін күрес жолына түскендігін ашық-анық білдіруінде еді. Бұл, әрине, сол тарихи кезеңде қазақ қоғамы үшін қатардағы оқиға емес. Деректік материалдардың көрсетуіне қарағанда, Қарқаралы петициясын дайындауда Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, Ж. Ақпаев және басқа да сол кезеңдегі белсенді қазақ интеллигенттері жетекшілік роль атқарған», – деп көрсетеді [9]. Демек, бұл деректен анықталғаны сол кезге дейін отарлық езгіде болып келген дала халқын қорғаушы ұлт зиялыларының бар екендігін көрсеткен. Олардың батыл шешім қабылдап, патша үкіметінің алдына қойған талаптарының қазақ даласы үшін маңызының зор екендігін дәлелдеген.

Қазақ зиялыларының алғашқы топтасуы Ресейде қалыптаса бастаған әр түрлі саяси партиялардың отарлық езгіге қарсы күрес жолындағы бағдарламаларымен танысу арқылы және өз халқын отарлық езгіден құтқарудың жолы саяси күрес арқылы жете алатындарына көздерін жеткізген. Ұлт зиялыларының тұңғыш рет басып бетін көрген бағдарламалы ой-пікірлер жиынтығы 1905 жылдың маусым айында Қарқаралыда «Қоянды» жәрмеңкесінде өткен съезде қабылданып, оған 14500 адам қол қойған (екінші деректе 12767 адам қол қойған) Қарқаралы хұзырхатын өмірге әкелді [10]. Осы жерде айта кету керек, бүгінгі зерттеушілеріміздің басым

көпшілігі Қарақаралыда өткен қазақтардың тұңғыш съезін «жыйын», «бас қосу» деп атап жүр, ал бірақ оның қарапайым жыйыннан жоғары сатыда тұрған саяси оқиға екендігін мына төмендегі деректен байқауға болады, онда: «Көпдеген съездер (Қарқаралы, Орал т. б.) қазақ ұлтының «құрметті» адамдары мен зиялыларының съезі болды. Онда петициялар, өтініштер, үкіметке жолдаулар қабылданған. Оның басты назары ұлтты отарлау саясатына арналған...», – деп Қарқаралыда өткен съезд жай ғана «бас қосу мен жыйын» емес екендігін және бұл қазақ зиялыларының басы қосылған тұңғыш съезі екендігін растайды [5. 160 б]. Хұзырхатта қазақ қоғамының негізгі ұлттық мүддесі есебінде қойылған 11 тармақтан тұратын талап-тілектерді үлкен үш топқа бөлуге болады: бірінші, оқу ағартудың жолға қойылуы; екіншіден, қазақтың өз жеріне өзінің меншігі деп табылуын талап ету; үшіншіден, қазақ елін басқару жөнінде «Дала Ережесінің» бүгінгі қазақ өміріне сай қайта өзгеруін талап ету деп. Бұл жоғары саяси сауаттылықпен құрастырылып жазылған хұзырхат, яғни петиция Ресей патша үкіметінің отаршылдық саясатының бар болмысын, оның әдіс-айласын барынша терең ашуға ұмтылған алғашқы табанды талап және бүгінгі күні өзінің саяси мәні мен қажеттілігін жоймаған аса құнды құжат болып есептеледі. Сондай-ақ жеке зерттеуді талап еткен тарихи мәні зор мәселе болып табылады.

Қазақ даласынан келген бұл хұзырхат Бүкілресейлік жариялылық алды. Атап айту керек, осы уақытқа дейін хұзырхат тәріздес бірде-бір саяси құжат қазақ халқының атынан Ресей империясының баспасөз бетінде бұрын-соңды ашық жарияланып көрген емес. Хұзырхаттың жариялануына Байтұрсынов зор үлес қосты. Осы хұзырхат, яғни петиция қазақ халқының саяси-әлеуметтік өміріндегі үлкен саяси уақиға болды. Қазақ халқының ұлттық санасының оянуына басты себептердің бірі болған хұзырхат туралы М. Әуезов былай дейді: «1905 жылы Қарқаралыда Ахаң мен басқа да біраз оқығандар бас қосып, кіндік үкіметке қазақ халқының атынан петиция (арыз-тілек) жіберген. Ол петицияда аталған үлкен сөздер бірінші, жер мәселесі, екінші, қазақ жұртына земство беруді сұраған, үшінші қазақ жұртын муфтиге қаратуды сұраған. ...Ол күндегі қазақ баласының дертті мәселесі осылар болғандықтан, Ахаңдар бастаған іске қыр қазағының ішінде тілеулес кісілер көп шыққан, көпшіліктің оянуына себепші болған», – деп жоғарыда айтылған мәселердің барлығында ұлт зиялысының хұзырхатта қамтып өткендігін мәлімдейді [7. 19 б.]. Демек, келтірілген деректер бойынша ұлт зиялыларының тұңғыш бас қосқан Қоянды жәрмеңкесі, қазақ халқының саяси өміріндегі алғашқы саяси күреске шығудың жошпарлы келісімін бекіткен съезі екенін растайды. Қарқаралы хұзырхатының тарихи маңызы сапалы және даму сатысына аяқ басқан қазақ азаттық қозғалысының ең негізгі талап-тілектерін тұңғыш рет тұжырымдап, қалыпқа салып, патша үкіметінен талап етіп, сол арқылы қазақ елінің өз еркіндігі үшін Ахметтің табиғи

күрес жолына ашық түскендігін көрсетеді. Сондай-ақ, Ахмет Байтұрсынов, Әлихан Бөкейханов, Жақып Ақпаев, Міржақып Дулатовтар құрастырған бұл хұзырхат Ресей патша үкіметіне қарсы берілген ауыр соққымен іспеттес болды. Өкінішке орай, Қарқаралы хұзырхатының талаптары түгел орындалмағанымен, бұл тарихи оқиға саяси сахнаға жаңа шыға бастаған ұлт зиялыларының ой-пікірлерінің бірлікке келуін, күш біріктірудің басы ретіндегі алғашқы қадамдары екенін көрсетеді.

Атап айтқанда, Ахмет Байтұрсыновтың қатысуымен құрастырылған «Қарқаралы петициясы» саяси бостандықпен теңдікке жету және ұлттық езгіге қарсы тұруды жариялаған қазақ халқының тұңғыш құқықтық құжаты болып табылады. Бұл саяси мәні зор, тарихи құнды құжат қазақ ұлтының оянуына, өздерінің ұлттық тағдырын шешуде патша үкіметінің ұстанған отарлау саясатына қарсы тұруға, Ресейдің империялық әкімшіл-құқықтық басқаруына қарсы батыл қарсыласуына жол ашқан. Бұл Ахмет Байтұрсыновтың патша үкіметінің саясатына қарсы алғашқы ашық қарсылығы болатын.

Әдебиет

1. Қазақстан КП Орталық комитеті комиссиясының А. Байтұрсыновтың шығармашылық мұрасы бойынша қорытындылары. // Социалистік Қазақстан. 1989. – 26 шілде.
2. Дулатов М. Ахмет Байтұрсунович Байтұрсунов (библиографический очерк) // Труды Общества изучения Киргизского края. Вып. 3. – Оренбург, 1922. – С. 15-25.
3. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Санат, 1995. – 365 б.
4. Букейханов А. Формы национального движения в современных государствах. – Петербург, 1910. – С. 597.
5. Ленин В. И. Шығармалар жинағы. – Алматы, 1953. Т 23. – 160 б.
6. Нұрпейісов К. Алаш һәм алашорда. – Алматы: Ататек, 1995. – 37 п.
7. Әуезов М. Ахаңның елу жылдық тойы (юбилей) Ақ жол: Жалы. 1991. – 17 п.
8. Дулатов (Мир-Якуб) // Қазақ әдебиеті. 1989. – 14 б.
9. Қойгелдиев М. Алаш қозғалысы. – Алматы: Мектеп, 2008. – 127 б.
10. Алаш қозғалысы (құжаттар мен материалдар жинағы). – Алматы: Алаш. 2004. – 33-39 б.

УДК 371.3

БЕЙІНДІ-БАҒДАРЛЫ ОҚЫТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Т.Б. Кенжебаева

В данной статье автор рассматривает возможности профильного обучения, анализирует современные условия перехода в профильную школу.

Бұл мақалада автор бағдарлы білім беру мүмкіндіктерін, бейіндік мектепке көшудің қазіргі жағдайын талдайды.

In the present article the author considers possibilities of the specialized teaching, analyses the modern conditions of the transition to the specialized school.

Ертеңгі келер күннің бүгінгіден де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын күдіретті күш тек білімге ғана тән. Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, өркениетті дүниеде өзіндік орын алуы оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына тікелей байланысты.

Бүгінгі әлемдегі елдер мен халықтардың өзара тарихи байланысының дамуы, экономика, мәдениет пен ғылымның әлемдік деңгейге бет бұруы, ұлттық деңгейде қалуды көтермеуі, ғылыми-білімнің түрлі салаларында әлемдік іс-тәжірибені оқып үйренудің қажетті шарт екенін дәлелдеуде.

Білім сапасын арттыру оқу материалдарын мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандарттарының талаптары деңгейіне сай меңгеруге, сырттай және іштей саралауға тиімді тепе-теңдігін құруға кепілдік беретін педагогикалық жаңартпашыл оқыту технологияларын жетілдіру нәтижесінде жүзеге асады. Деңгейлеп, саралап оқытуды жүзеге асыру арқылы оқушылардың қызығушылықтарын, қажеттіліктерін, жеке ерекшеліктерін ескеру негізінде қалыптасатын дәлелді оқыту сапасын арттыруға мүмкіндік туғызады.

Бағдарлы оқыту – жалпы орта білім беретін мектептердің жоғары сатысында даралап оқытуға, оқушының әлеуметтенуіне және мектептің жоғары сатысының орта және жоғары кәсіптік білім беру мекемелерімен сабақтастығына бағытталған арнайы дайындық жүйесі [1,154].

Бағдарлы білім беру оқушылардың болашақ мамандықтарын дұрыс таңдауға, өмірлік көзқарасын қалыптастыруға, өзін-өзі дамытуға, өзін-өзі бағалауға мүмкіндік береді. Мұнда оқушының өзінің таңдаған мамандығына деген құлшынысы артып, оны келешекте жақсы меңгеретін болады. Аталған жүйенің бүгінгі күн талабына сай бәсекеге қабілетті жеке тұлғаларды қалыптастыруда маңызды орын алатыны бар.

Бағдарлы оқытудың негізгі мақсаты – оқушылардың өзіндік білім алу бағдарламаларын құруды және оның жүзеге асырылуын, оқушының отбасында, жергілікті және аймақтық ортада әлеуметтенуін, оқушыларды орта және кәсіптік оқу орындарына дайындау үшін орта жалпы білім беру бағдарламаларындағы жеке пәндерді тереңдетіп оқытуды қамтамасыз ету болып табылады.

Бағдарлы оқытуды ұйымдастыру үшін білім беретін мекеме, ең әуелі, бағдарлы оқытуды ұйымдастырудың нақты жағдай үшін неғұрлым тиімді үлгісін таңдап алуы қажет.

Бағдарлы оқытудың негізгі міндеті бағдарлардың икемді жүйесін жасауға және мектептің жоғары сатысын бастауыш, орта және жоғары кәсіптік білім беретін мекемелермен үйлестіруге келіп саяды. Сонымен бірге бағдарлы оқыту жеке тұлғаға бағыттала отырып, мынандай міндеттерді де шешуді қамтамасыз етуі қажет:

- жалпы орта білім бағдарламаларының жеке пәндерін тереңдете оқыту;
- білім мазмұнын саралауға және әр оқушының жеке білімдік траекториясын құруға жағдай жасау;
- жалпы орта және кәсіби білім арасындағы сабақтастықты, бағдарлы сынып оқушыларының жоғары оқу орнында білімін жалғастыруға дайындауды қамтамасыз ету.

Қазақстанда қазіргі кезде бейіндік мектептерді енгізу мәселесі қарастырылуда. Ал, ресейде бұл эксперимент бірнеше жыл бұрын басталды, яғни бағдарлама мен материалдар тестілеуден өткізіліп, бекітілген. Бейіндік мектептің артықшылығы – оқушының жеке қызығушылықтарын және қажеттіліктерін қамтамасыз ету арқылы ерте кәсіби бағдар беруді және мотивациясын күшейту, ал кемшілігі – нақты бағдарлар бойынша ресурстардың барлық түрлерінің жетіспеуі. Сонымен қатар, оқушылар пәндердің нақты комбинациясын таңдай алмайды [2,80].

Барлығына белгілі, жалпы білім беретін мектептің жоғарғы сатысында оқушылар саны біркелкі бола бермейді. Бір оқушыда кәсіби бағдары жеткілікті дамыған: олар болашақта немен айналысқысы келетінін, қандай мамандықты таңдайтынын нақты білетіндер. Басқалары әлі сенімсіз, күмәндануда. Себебі, әлі анық көрінетін қызығушылықтары жоқ, не болмаса жан-жақты болып келеді. Үшінші топтағы оқушылар өз таңдауын неге тоқтатарын мүлдем білмейтіндер. Олар басқалардың пікіріне тым жүгінетіндер немесе жеткілікті ақпарат алмағандар. Бұл әсіресе кәсіби бағдар жұмысы нашар қойылған мектептерде ерекше орынға ие: әр түрлі оқу пәндері бойынша сабақтарда қазіргі заманғы кәсіптер туралы әңгіме өткізілмеген, қызықты адамдармен кездесулер ұйымдастырылмаған, орта кәсіптік және жоғарғы оқу орындарына ашық есік күндеріне арналған шараларға қатыспауы, қызығушылықтары бойынша факультативтердің және үйірмелердің аздығы және т.с.с.

Кәсіби бағдардың дәстүрлі жүйесі ЖОО-ң инициативасымен ашық есік күндерін кафедраларда, зертханаларда т.с.с. жұмыстарды ұйымдастыру бойынша шаралар өткізілгенмен, ал мектептерде оқушыларды бағдарлау жұмысымен мақсатты түрде айналыспаса керек. Осы қалыптасқан жағдайлар себептеріне мыналарды жатқызуға болады:

– мектеп кезінен бастап кадрларды даярлауды әлеуметтік қолдауға мемлекеттің қызығушылығының болмауы;

– педагогикалық қоғамдастықтың оқушылардың өздігінен кәсіби тұрғыдан анықталуына психологиялық-педагогикалық қолдауға қажетті деңгейде көңіл бөлуге ынтықсыздығы; Олардың басты аргументі – ең бастысы білім беру, ал қалғаны өзінен өзі шешіледі.

– оған қоса ата-аналардың осы мәселелерді шешуде өз балаларына көмек берудің қажетті педагогикалық мәдениетінің жоқтығы (олар көбінесе балаларының қабілеттерін тым жоғары немесе жеткіліксіз түрде төмен бағалайды);

– тек білім беру мазмұны аспектісінде ғана емес, сонымен қатар болашақ кәсіптік іс-әрекетке даярлауда мектеп пен кәсіптік білім беру сатылары арасындағы байланыстың әлсіздігі.

Себептер қатарын, әрине әлі жалғастыруға болады. Бірақ, олардың өзі мемлекеттік білім берудің модернизация концепцияларында және бейіндік оқытуда берілген идеялар арасында қарама-қайшылықты белгілеуге жеткілікті. Мұндай жағдай оқушылардың оқыту бағытын таңдауда кәсіби тұрғыдан өзіндігінен анықталу, білімді жалғастыру жолын, кәсіптік мансап мәселелерін шешуде қиындықтар туғызады.

Осындай жағдайларда барлық оқушылардың мүмкіндіктері мен қажеттіліктерін қалай ескеруге болады? Біздің ойымызша, тек қана оқушыларға дифференциалды қатынас орнату және оқытуды даралау негізінде. Қазіргі кезеңде мектепке ұлттық және жалпы адамзаттық рухани құндылықтардың үйлесімді байланысы негізінде тұлғаның жан-жақты дамуы және әлеуметтік тұрғыдан өзіндігінен анықталуына жағымды жағдайларды қамтамасыз ететін әлеуметтік институт ретінде қарау керек.

Тұлғаға бағытталған білім беру парадигмасына көшу оқушыларға оқытудың дара жолын таңдауға нақты жағдай жасайды.

Таңдау, шешім қабылдау мәселесі психологияда еріктік амал кезеңі ретінде қарастырылатыны белгілі. Шешім қабылдаудың өнімді үрдісіне жаңа мақсат, баға, түрткілер, алғышарттар, ұстанымдар түріндегі психикалық жаңаның туындауы жатады.

Осыған байланысты оқушыға өзіндік анықталуда көмек беру 1-2 сабақ төңірегінде шешілетін іс емес. Ол мәдениетті адам болып қалыптасу сияқты өмірдің барлық кезеңдерінде іске асатын ұзақ әрі қарама – қайшы үрдіс.

Қазіргі кезде әртүрлі мемлекеттердің экономикасының қарқынды дамуына және өндіріс пен технологиялар, білім және ғылым салаларындағы бәсекелестікке байланысты білікті кадрларды даярлаудың экономикалы және тиімдірек жолдары іздестірілуде. Оқытудың жаңа парадигмасы Қазақстанның кластерлі экономикасы үшін білікті кадрларды мақсатты түрде даярлауға көмектесетін компетентті білім беруге бағытталған. Бұл өз кезегінде индустриалды – инновациялық модельді құруда Қазақстанның даму стратегиясының приоритеті ретінде енгізілген.

Білім берудің авторитарлы түрінен компетентті түріне көшуіне қарамастан, бірсыпыра уақытты талап ететін оқытушылар мен оқушылардың, әкімшілік – басқару аппаратының психологиясы мен педагогикасына қатысты бірқатар тәжірибелік сұрақтармен бірегейленуінен бұл мәселе тек теориялық зерттеулер арқылы шешілмейді.

Бүгін де педагогика ғылымы да, тәжірибесі де білім беруді іс-әрекеттік негізде іске асыруға әлі дайын емес. Дегенмен, құндылықты – мәндік (психодидактикалық) және тәжірибеге – бағытталған қатынастар контекстінде білімдік парадигмасының бірігу тәжірибесі бойынша мұғалімнің мынандай қызметтері бірінші қатарға қойылады: білім беру үрдісінің ішкі дифференциациясы; оқу диагностикасы, оқушылармен атқарылатын жеке жұмыс түрлері, жобалық жұмыстар, әлеуметтік практика, тренинг элементтері және т.б.

Н.С. Чистякова Н.Ф. Родичевпен бірігіп бейіндік оқыту және бейіналды даярлау жағдайларында оқушылардың өзіндік анықталуына жаңа қатынастарды құрып, тәжірибеде тексерді [3,22].

Авторлар сонымен қатар, өзіндік анықталуды өзгермелі әлеуметтік, экономикалық және мәдени жағдайларда өз құндылықтарына адекватты шешімдер қабылдауды қамтамасыз ететін тұлғаның өзінің базалық қатынасын, кілтті компетенттіліктердің қалыптасуының күрделі, динамикалық үрдісі деп қарастырады.

Мұндай жұмыстың мақсаты (негізгі және жоғары мектепте) бағдарлық компетенттілікті қалыптастыру деп санауға болады. Ол оқушының мынандай дайындығында байқалады: білім беру және кәсіптік өзіндік идентификацияға білім беру ортасын өнімді меңгеруге қажетсіну; өзгермелі қоғам жағдайында білімді жалғастыру және кәсіби қалыптасу жөнінде шешімді қабылдауды қамтамасыз ету бойынша іс-әрекеттің тәсілдер кешенін меңгеру.

Негізгі мектепте кәсіби бағдар оқушыларға оқуды жоғары мектепте, бейіндік және бейіндік емес сыныптарында, кәсіптік білім беру мекемелерінде

жалғастыру мүмкіндігін жобалауды психологиялық-педагогикалық қолдау көрсетуді қарастырады. Кәсіби бағдар оқытудың кейінгі бағытын таңдау және жасөспірімдердің әлеуметтік, кәсіби және мәдениетті өзіндік анықталуына тұтастай дайындығын жақсарту үшін жағдайлар жасау туралы шешім қабылдауға ықпал етеді.

Оқушыларды оқыту бағытын таңдауға дайындық кезендері:

1) мамандықты таңдауға оқушылардың мотивациясын анықтау;

2) бейіндік мектептерде сұраныс бар білім беру ісінің түрлерін модельдеу және әртүрлі білім беру жағдаяттарында шешім қабылдау;

3) жоғары мектепте оқыту бағытын таңдау туралы шешім қабылдауға оқушылардың дайындығын бағалау.

Республикамыздағы және оның аймақтарындағы мектептерде, орта кәсіптік және жоғары оқу орындарында өткізілетін кәсіби бағдар беру бағытына мінездеме беру өте қажет. Оқушыларға кәсіби білім беру деңгейлері мен перспективаларының мінездемесі жайлы ақпарат; түлектерге сұраныс бар әртүрлі типті және әртүрлі деңгейдегі нақты оқу орындарын мысалға келтіру, көрсету; сол аймақтың мектептерінің бұрынғы түлектерінің кәсіби жетістіктерге жету жолдарының типтік және айқын мысалдары жайлы ақпарат қызық болмақ. Соның негізінде әртүрлі көрнекі формаларын және әдістерін қолдану қажет; шынайы нақты және виртуалды экскурсияларды қолдану, бейнефильмдерді көру, қағаз бетіндегі және электронды түрдегі ақпарат көздерімен өздігінен жұмыс істеу, ашық есік күндеріне қатысу және т.б.

Әртүрлі елдерде оқушыларды бейіндеу мақсатында олардың қызығушылықтарын, бейімділік, қабілеттерін және ата-аналары мен мұғалімдерінің пікірлерін ескере отырып, оқушының білім алу сұранысын алдын-ала диагностикалайды. Мұндай зерттеулер Жапонияда қалыптасқан, яғни оқушылардың қызығушылықтарын, қабілеттерін анықтау барлық мектепке дейінгі кезеңнен басталады және оқудың барлық барысында жалғасады. Диагностика сауалнама, тестілеу, әңгімелесу және т.б. әдістер арқылы өткізіледі.

Сонымен, диагностика (педагогикалық және психикалық) бейіналды даярлаудың әртүрлі нұсқаларында оқушыларды қажеттіліктеріне сәйкес дифференциялауға көмектеседі.

Кейін бейіналды бағдарлы курсының мазмұнды жақтары іске асады: бейіналды дайындықтың, бейінді оқытудың бағытын, мектептен кейінгі білім алу жолын және жұмысқа тұру жолын таңдау туралы шешім қабылдау тәсілдерін оқыту; осы бағытта оқуға оқушының өзіндік қызығуының және таңдалған бағыт талаптарына оқушы мүмкіндіктерінің сәйкестігі анықталады.

Сынамалардың эвристикалық бағдары таңдалған оқыту бағыты мазмұнының мектептен кейінгі білім беру және болашақ кәсіби істің мазмұны мен байланысы қатынасында оқушы сұранысын нақтылауға ықпал етеді.

Бейіналды дайындықтың соңында негізгі мектеп түлектерінің академиялық жетістіктері және сертификацияланған портфолиосымен бірге, әлеуметтік жетілу деңгейін де ескеру қажет [1,84].

Кәсіби бағдардың соңғы кезеңінде қарастырылатындар:

– диагностикалық материалдарды қайта қолдану;

– оқыту бағытын альтернативті таңдау сызбамен жұмыс.

Кәсіби бағдарды тиімді ұйымдастыру үшін әлеуметтік мәдени ортаның, жоғары бейіндік мектепке сұранысы бар, мектептен тыс білім беру кеңістігінің әлеуетін оқушыларға көмектесетін кәсіптік және қосымша білім беру мекемелерінің ресурстарын қолдану керек.

Жоғары сынып оқушыларының жоғары мектепте өзіндік анықталуын педагогикалық қолдау тек бәсекеге қабілетті кадрлардың, еңбек нарығының қажеттіліктерін қанағаттандырудағы мемлекеттік сұраныспен қатар, азаматтың қоғам тапсырысын да орындау керектігін ескеруіміз қажет.

9-нші сынып оқушыларының жоғары мектепте оқыту бағытын таңдауға дайындығының жуық критерийлері:

– құндылықты бағдарының байқалуы;

– бейіндік оқыту мақсатын түсінуі;

– білім беру материалын меңгеру бойынша күш салу тәжірибесі;

– бейіндік оқыту маңыздылығына қатысты ақпараттық дайындық.

Бейіналды даярлықты және бейіндік оқытуды енгізу жағдайларында оқушылардың білімін жалғастыру бағытын таңдауын ақпараттық, педагогикалық және психологиялық қолдаудың бар тәсілдерін жетілдіре отыра, жаңа тәсілдерін құру мақсатында білім беруді басқарудың аймақтық және республикалық органдарына мынандай міндеттерді шешудің мүмкін жолдарын анықтауын ұсынуға болады.

Республикалық деңгейде: кәсіби бағдар жұмысына сұранысты қалыптастыру көздерін және факторларын талдау; оқушылардың әлеуметтік-кәсіби өзіндік анықталуын педагогикалық қолдауды ресурсты қамтамасыз ету; бастауыш, орта және жоғарғы кәсіптік білім беру мекемелерімен мектептің өзара әрекеттесу мазмұнын және механизмдерін құру.

Аймақтық деңгейде: іс-әрекеттерін мақұлдау және реттеу мақсаттарында кәсіби бағдар және кадрлық жастар саясатына жауапты субъектілердің өзара әрекеттесу стратегиясын құру; кадрлық сұраныс, әлеуметтік-демографиялық жағдаяттарды ескеру негізінде білім беру мекемелерінің кәсіби бағдар беру жұмысын нормативтік және ғылыми-әдістемелік жағынан қамтамасыз етуге аймақтық-қоғамдық және

кәсіптік экспертиза өткізу; аймақта кәсіби бағдар және кадрлық саясат стратегиясын және тактикасын жүзеге асыру үшін кәсіби бағдарлаушы кадрларын даярлаудың аймақтық бағдарламасын құру.

Білім беруді ұйымдастыру деңгейінде: бейіналды даярлық және бейіндік оқыту барысында кәсіби бағдар курстарын оқытуды ұйымдастыру; мұғалімдер біліктілігін арттыру және жоспарлы қайта даярлау үрдісінде кәсіби бағдар құралдарын өздігінен құру және іске асыру, негізгі және жоғарғы мектеп мұғалімдерін даярлау.

Сонымен, бейіндік мектепке көшудің қазіргі жағдайын талдай келе, Қазақстанда экономиканың және қоғамның кластерлі моделі индустриалды – инновациялық даму жағдайында оқушылардың бейінді даярлығын іске асыру үшін алғышарттарын құру керек.

Әдебиет

1. Абдыкаримов Б.А., Мамерханова Ж.М., Соколова М.Г. Методическое пособие к изучению курса «Педагогика профильного обучения». – Караганда, 2007. – С. 260.

2. Тажибаева С.А. Проблемы профильного обучения. // Білім. – 2005. – № 5. – С. 80-86.

3. Чистякова С.Н. Проблема самоопределения старшеклассников при выборе профиля обучения. // Педагогика. – 2005. – № 1. – С. 19-26.

УДК 378:004

УЧЕБНО-ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ БУДУЩИХ УЧИТЕЛЕЙ ТЕХНОЛОГИИ В ВУЗЕ

Ф.А. Курабаева

Бұл мақалада болашақ технология пәні мұғалімдерінің дипломдық жұмысының критериялық жүйесі мазмұндалған.

В статье изложена система критериев дипломных работ будущих учителей технологии.

The system of the criterion degree working of future technology teachers are viewed in this article.

Важной составной частью профессиональной подготовки будущих учителей технологии в вузе является учебно-исследовательская работа студентов. Исследовательская деятельность включает в себя самостоятельную работу студентов, которая не только закрепляет и углубляет полученные в учебном процессе знания, умения и навыки, но и способствует их самообразованию и самовоспитанию.

Существуют различные виды исследовательской работы студентов: выступления, сообщения, доклады на семинарских занятиях; исследовательская работа в кружках, секциях; курсовые и дипломные работы; участие в исследовательской работе ученых, коллективов кафедр; студенческие научные коллективы (проектная группа, студенческие конструкторские бюро, экспериментальная группа) и др.

Результаты научной работы студента оформляются в виде текста реферата, статьи, дипломной и курсовой работы. Все эти виды научных работ требуют умения пользоваться научной и письменной речью. По итогам научной работы студентов должны проводиться конференции, на которых заслушиваются и обсуждаются лучшие работы, принимается решение об их публикации, представлении на конкурс студенческих работ. Олимпиады и конкурсы способствуют обобщению всех видов научно-исследовательской работы студентов.

Курсовые и дипломные работы являются одновременно видом самостоятельной и научно-исследовательской работы, формой проверки и оценки знаний, подведением итогов практической деятельности студента. В процессе познания действуют общие закономерности, и студенческая работа по замыслу, по логике и средствам проведения аналогична научной работе любого исследователя, считает Краевский В.В. [1]. Отличие их заключается в масштабности, широте охвата эмпирического материала, глубине анализа и объеме исследования.

Существуют различия и между курсовой и дипломной работами, хотя они имеют много общего. В результате выполнения курсовой работы студент должен показать готовность к владению основными исследовательскими умениями. По содержанию между курсовой и дипломной работой должна существовать связь: дипломная работа становится дальнейшим развитием курсовой путем углубления и детализации проблемы. Основные выводы курсовой могут служить исходным материалом для творческой разработки проблематики дипломной работы [1].

В соответствии с ГОСО РК 3.08.270-2006 в подготовке студентов специальности 050120 «Профессиональное обучение» предусмотрено выполнение трех курсовых работ по дисциплинам: «Общая педагогика», «Методика преподавания общетехнических и специальных дисциплин (по профилю)» и при изучении профилирующей дисциплины компонента по выбору [2].

В соответствии с этой логикой и предложены разделы дипломной работы. В дипломных работах педагогической направленности содержанием первого раз-

дела (первой части дипломной работы) является характеристика предмета исследования, с выявлением сущности проблемы, теоретическим обоснованием путей ее решения. Поэтому данную часть дипломной работы мы обозначаем, с точки зрения ее содержания, как психолого-педагогический раздел. В содержании этого раздела необходимо освещение имеющихся в литературе точек зрения по теме, их анализ и изложение своего отношения к решению проблемных вопросов. В этой части дипломная работа должна отражать знание студента научной и методической литературы по теме и умение критически оценивать концепции различных авторов (умение планировать и реализовывать профессиональную деятельность). На основании этого, дипломник разрабатывает свою авторскую концепцию, авторскую модель предлагаемого педагогического процесса, реализацию которой он дальше описывает в методической части дипломной работы.

Содержание второго, технологического, раздела включает разработку или описание определенной технологии, технологического процесса изготовления изделия; технологических приемов и операций. Этот раздел включает также технологические карты изготовления изделия, в которых приводится последовательность технологических операций, их содержание, технические условия их выполнения, графические изображения, выбор оборудования, инструментов и материалов для этапов технологической последовательности выполнения изделия.

Содержание третьего, методического, раздела включает разработку тематического плана раздела технологии (программы), развернутого плана-конспекта урока или кружкового занятия, необходимых дидактических материалов для проведения урока. План-конспект урока включает: тему урока, его цели; тип урока; основные этапы урока, методы и формы их проведения; распределение времени по этапам урока; материально-техническое и дидактическое обеспечение урока; содержание каждого этапа урока с указанием всех конкретных моментов (вопросы для повторения, краткое содержание плана-объяснения, целевые обходы, предупреждение типичных ошибок и т.п.).

Для выполнения дипломной работы нами были разработаны методические указания по ее выполнению и разработана система критериев оценивания дипломной работы (таблица 1).

В соответствии с многобалльной системой оценки ЗУН, принятой в кредитной технологии обучения [3], определяется процентное содержание усвоенных ЗУН, его цифровой эквивалент в балльной системе, и осуществляется сравнение с традиционным методом оценки.

Учебно-исследовательская работа студентов в вузе, включая выполнение курсовых и дипломных работ, должна способствовать решению задач подготов-

ки специалистов с учетом направлений и проблематики современных научно-педагогических исследований.

Таблица 1 – Система критериев оценивания дипломной работы

| № | Критерии | Оценочные параметры/ количество баллов | | |
|-----|---|--|--|---|
| | | высокий уровень | средний уровень | низкий уровень |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1 | Психолого-педагогический раздел | | | |
| 1.1 | Тема дипломной работы | Правильно, точно в смысловом отношении сформулирована тема, отражены предмет и проблема исследования/ 5 | Тема сформулирована недостаточно точно/ 3 | Тема не отражает предмет и проблему исследования/ 1 |
| 1.2 | Структура (содержание) дипломной работы | Названия разделов и подразделов полностью соответствуют теме дипломной работы и связаны с задачами исследования/ 5 | Названия разделов и подразделов недостаточно соответствуют теме дипломной работы и недостаточно отражают задачи исследования/ 3 | Названия разделов и подразделов не соответствуют теме дипломной работы и не связаны с задачами исследования/ 1 |
| 1.3 | Актуальность исследования | Убедительно обоснована актуальность и своевременность изучения выбранной темы/ 5 | Недостаточно убедительно обоснована актуальность изучения выбранной темы/ 3 | Не обоснована актуальность изучения выбранной темы/ 1 |
| 1.4 | Научный аппарат исследования | Правильно и точно определены проблема, объект и предмет, цель и задачи, гипотеза исследования/ 10 | Проблема, объект и предмет, цель и задачи, гипотеза исследования определены с незначительными ошибками/ 5 | Проблема, объект и предмет, цель и задачи, гипотеза исследования определены с грубыми ошибками/ 1 |
| 1.5 | Теоретическое обоснование практической части дипломной работы | Убедительное теоретическое обоснование путей решения проблемы, разработана авторская модель предлагаемого педагогического процесса/ 10 | Теоретическое обоснование путей решения проблемы с незначительными ошибками (погрешности в формулировании выводов по анализу научной литературы и т.д.)/ 7 | Неубедительно теоретическое обоснование путей решения проблемы (недостаточный объем анализируемой литературы, анализ носит описательный характер и т.д.)/ 3 |

Продолжение таблицы 1

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|-----|---|--|--|--|
| 2 | Технологический раздел | | | |
| 2.1 | Разработка или описание определенной технологии | Полная характеристика оборудования, инструментов, приспособлений и материалов; правильное описание технологической последовательности, технологических приемов/ 10 | Характеристика оборудования, инструментов, приспособлений и материалов; описание технологической последовательности, технологических приемов с незначительными ошибками/ 7 | Характеристика оборудования, инструментов, приспособлений и материалов; описание технологической последовательности, технологических приемов с грубыми ошибками/ 3 |
| 2.2 | Технологические карты изготовления изделия | Правильное определение содержания технологических операций, графических изображений/ 5 | Определение содержания технологических операций, графических изображений с незначительными ошибками/ от 4 | Определение содержания технологических операций, графических изображений с грубыми ошибками |
| 2.3 | Сложность изделия | Высокая сложность изделия (новая технология, большой объем работ, использование сложных в обработке материалов и т.д.)/ 5 | Несложное изделие, но требующее длительного времени на изготовление/ 3 | Несложное изделие/ 1 |
| 2.4 | Качество изготовления изделия | Выполнение технических требований, соблюдение технологических параметров/ 5 | Незначительное отклонение от технических требований и технологических параметров/ от 4 | Нарушение технических требований, не соблюдение технологических параметров |
| 3 | Методический раздел | | | |
| 3.1 | Тематический план раздела (курса) | Разработан в соответствии с программой, четкое соблюдение последовательности изучения материала, учет возрастных особенностей обучающихся, наличие всех структурных компонентов/ 5 | Соответствие программе, последовательность изучения материала, возрастные особенности обучающихся учтены недостаточно/ 3 | Не соответствует программе, нарушение последовательности изучения материала, возрастные особенности обучающихся не учтены, отсутствие структурного компонента/ 1 |

Продолжение таблицы 1

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|-----|---------------------------------------|--|---|---|
| 3.2 | План-конспект урока | Разработан в соответствии с тематическим планом, наличие всех структурных компонентов, урок нетрадиционный, отражает тему дипломной работы/ 10 | Разработан в соответствии с тематическим планом, наличие всех структурных компонентов, урок традиционный, не достаточно отражает тему дипломной работы/ 5 | Не соответствует тематическому плану, отсутствие структурного компонента, урок традиционный, не отражает тему дипломной работы/ 2 |
| 3.3 | Дидактические материалы | Методически обосновано содержание, соответствует дидактическим требованиям, выполнено эстетично/ 5 | Недостаточно обосновано содержание, наличие не соответствия дидактическим требованиям, выполнено эстетично/ 3 | Не обосновано содержание, нарушение дидактических требований, выполнено недостаточно эстетично/ 1 |
| 4 | Заключение | Четко и ясно показаны полученные результаты, раскрыто их теоретическое и практическое значение, сформулированы выводы/ 5 | Недостаточно точно показаны полученные результаты, выводы носят описательный характер/ 3 | Не показаны полученные результаты/ 1 |
| 5 | Оформление пояснительной записки | Оформление без технических ошибок, список использованных источников более чем из 20 пунктов/ 3 | Оформление с незначительными техническими ошибками, список использованных источников из 15-20 пунктов/ 2 | Оформление с грубыми техническими ошибками, список использованных источников менее чем из 15 пунктов / 1 |
| 6 | Демонстрационный графический материал | Демонстрационный графический материал выполнен эстетично с использованием графических компьютерных программ, объем более 4 листов/ 3 | Демонстрационный графический материал выполнен эстетично, объем менее 4-х листов/ 1 | Демонстрационный графический материал выполнен неэстетично/ 1 |

Продолжение таблицы 1

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
|---|---|---|--|--|
| 7 | Презентация работы | Эстетичность демонстрации работы, культура речи, соблюдение логики и регламента выступления/ 3 | Нарушение регламента выступления, незначительные ошибки в использовании профессиональной терминологии/ 2 | Не эстетична демонстрация работы, нарушение регламента и логики выступления, ошибки в использовании профессиональной терминологии и выступления/ 1 |
| 7 | Рецензия | Рецензия положительная, без замечаний, дана оценка «отлично»/ 3 | Рецензия положительная, с замечаниями, дана оценка «отлично»/ 2 | Рецензия положительная, дана оценка «хорошо»/ 1 |
| 8 | Дополнительные баллы | Выполненные эстетично электронные презентации для уроков или выступления, внедрение результатов исследования в практику и др. / 3 | | |
| | Максимальное количество баллов | 100 | | |
| | Примечание: в пунктах 1.2; 1.4; 2.1; 2.2; 2.4; 3.1 за каждую ошибку (отклонение) снимается один балл. | | | |

Литература

1. Краевский В.В. Общие основы педагогики. – М.: Академия, 2003. – 256 с.
2. ГОСО РК 3.08.270-2006. Образование высшее профессиональное. Бакалавриат. Специальность 050120 – «Профессиональное обучение». – Астана, 2006. – 40 с.
3. Основы кредитной системы обучения в Казахстане. / Под общ. ред. Кулекева Ж.А., Гамарника Г.Н., Абдрасилова Б.С. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 198 с.

УДК 377.5:004

АҚПАРАТТЫҚ-ҚАТЫНАСТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ОҚЫТУ ҮРДСІНДЕ ПАЙДАЛАНУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ

А.Қ. Нұрғалиева, Ғ.Б. Саржанова

Мақалада оқу-тәрбие процесін жетілдірудегі ақпараттық-қатынастық технологиялардың мәні мен маңызы және компьютер құралдарын қолдану тарихына қысқаша шолу берілген.

В данной статье рассматривается роль информационно-коммуникационных технологий в учебно-воспитательном процессе и краткий обзор истории использования компьютеров в образовании.

In the given article are considered the role of information-communication technologies in teaching and educational process and short review on history of use of computers in formation.

21 ғасырдың басы компьютерлік оқытудың теориялық және практикалық даму кезеңі. Соның нәтижесінде ақпараттық технологиялардың әсерінен білім беру мазмұны мен ұйымдастыру формасы жаңартылды. Мұның бәрі бірте-бірте оқытудың жаңа формасы, әдісі, түрі, оқу-әдістемелік кешенінің түбегейлі өзгертілуіне, бірқатар нормативтік құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді талап етті.

Білім беру жүйесі бағыттарының бірі – ақпараттық-қатынастық технологиялар, оқытуда компьютерлерді кеңінен қолдану болып табылады. Компьютерлік технологияларды қолдану білім сапасын және оқытушылар құзыреттілігін арттырып отыр. Олардың білім беру саласы қолданысында төмендегідей мүмкіншіліктері белгілі: білім беру, тестілеу, тұлғаның психодиагностикасы, сабаққа қорытынды, түзетулер жасау, білім алушының шығармашылығын дамыту, әлемдік ақпараттық ресурстармен қатынас жасау, білім мекемелерін басқару мен оқу үдерісіндегі жетістіктер.

Оқыту үрдісінде компьютер құралдарын қолданудың қажеттілігі, мүмкіндіктері мен тенденциялары жайлы Б.Г. Гершунский, Д.М. Джусубалиева, А.М. Дорошков, А.П. Ершова, С.А. Жданова, А.А. Жолдасбекова, Г.А. Звенигородскова, Ж.А. Қараева, М.С. Малибекова, Е.И. Машбица, С.Б. Нурамғамбетова, В.Г. Разумов зерттеулерінде қарастырылған.

Оқу-тәрбие процесін жетілдіру мақсатында ақпараттық технологияларды ұсынған Н.П. Гусевтің, В.В. Давыдовтың, Л.В. Занковтың, В.М. Монаховтың, С.Н. Лысенковтың және тағы басқалардың ғылыми тұрғыдан практикалық еңбектерінің мәні зор.

Ақпараттық технологияларды білім беру саласында пайдаланудың әдіс-тәсілдері, шарттары, дидактикалық-әдістемелік негіздері Б.Т. Барсай, В.П. Беспалков, Д.М. Жүсіпалиев, М.В. Кларин, Қ.Ө. Қариева, С.А. Көшімбетова т.б. ғалымдардың зерттеу еңбектерінің арқауы болды.

Ақпараттық-қатынастық технологияларды қолдану арқылы Отандық және Ресей ғалымдары түрлі бағыттарды ұстанды. Айта кетсек, С. Абдығаппарова мен Н.И. Букетова оқытудағы тұлғалық бағытты негізге алса, Б.Г. Ананьев, А.Н. Леонтьев, А.А. Бодалев қарым-қатынас пен іс-әрекет теориясына, А.М. Матюшкин, М.И. Махмутов, В. Оконь проблемалық оқыту теориясына, Ю.А. Бабанский, М.А. Данилов біртұтас педагогикалық процесс теориясына, В.А. Сластенин, Л.С. Подымова инновациялық педагогикалық іс-әрекет теориясына, О.А. Абдуллина жалпы және жоғарғы білім берудің жобалау концепциясы мен даму жүйесіне басты назар аударды.

Ғылыми әдебиет сараптамаларына жүгіне келе, оқыту үдерісінде компьютерлерді қолдану 50-ші жылдардың аяғы мен 60-шы жылдардың басында пайда болған. Жиырмасыншы ғасырда АҚШ-да Б.Ф. Скиннер мен Н. Краудердің программалық оқытуы үлкен жетістікке ие болды. Орыс ғалымдары ішінде оқытудың бұл түрін қолдануда А.И. Берг, В.П. Беспалько, П.Я. Гальперин, Т.А. Ильина, Л.Б. Ительсон, Н.Ф. Тальзина тағы басқалары алдыңғы қатарда тұрды. 20-шы ғасырдың аяғы мен 21-ші ғасырдың басында зерттеушілер ақпараттық-қатынастық технологияларды пайдалану арқылы тұлғалық бағытталған дамуға жете назар аударды.

Қазіргі таңда ақпараттық технологиялардың дамуы – оқытудың жаңа формаларын, қашықтықтан оқытуды енгізуге әкеп соқтырды. Бағдарламалық жобалаудың теориялық негіздеріне А.И. Башмаков, И.А. Башмаков, С.Р. Графова, Л.Х. Зайнутдинова, А.Ю. Уваров сияқты ғалымдардың ғылыми еңбектері жатады. Компьютерлік оқытудағы психологиялық-педагогикалық проблемаларына В.П. Зинченко, О.В. Долженко, В.Л. Латышова, О.К. Тихомирова өз еңбектерін арнады. Компьютерлік технологиялардың пайда болуы мен дамуының тарихи-педагогикалық аспектісі бойынша М.Г. Багиева, А.В. Бухарова, Б.С. Гершунский, И.В. Роберт, Н.В. Чельшева зерттеу жұмыстарын жүргізді. Мысалы, А.В. Бухарова Ресейдегі қашықтықтан оқытудың теориялық, практикалық даму кезеңдеріне сараптама жүргізсе, И.В. Чельшева медициналық білімнің даму кезеңдерін анықтады, ал Красильникова ақпараттық технологиялардың жалпы жоғары мектептегі даму кезеңдерімен айналысты.

Заман ағымына сай күнделікті сабаққа видео, аудио қондырғылары мен теледидарды, компьютерді қолдану айтарлықтай нәтиже беруде. Ал жаңа технологиялар – педагогтың мүмкіндігін күшейтетін құрал. Әсіресе, олардың тиімділігі:

қашықтықтан білім алу мүмкіндігінің туындауы; қажетті ақпаратты жедел түрде алу мүмкіндігінің білім сапасына әсері зор.

Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудағы 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «e-learning» электрондық оқытуды енгізу көзделген. Басты мақсаты – білім беру процесінде барлық қатысушыларының үздік білім беру ресурстары мен тең қол жеткізуін қамтамасыз ете отырып, педагогтардың ақпараттық-қатынастық технологиялар құзыреттілігін қамтамасыз ету, электронды оқыту жүйесін пайдаланушыларды даярлау мен біліктілігін арттырудағы мақсатында 2011 жыл мен 2015 жылдар аралығында әр педагог білім беруде АКТ-ды қолданудан біліктілігін арттыру курстарынан өтеді. Бағдарлама негізінде білім мекемелерінде интернетке қол жеткізу 100% қамтамасыз етіліп, электронды білім беруге арналған электрондық ресурстардан құрылған – Ұлттық ақпараттандыру орталығы құрылады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеті – ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен тәжірибе жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және шыңдауға бағытталған, білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын енгізу», білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көзделеді.

Бүгінгі таңда болашақ мамандарды даярлаудағы инновациялық білім беру технологияларын белсенді түрде қолданылуы, яғни интернет, интерактивті тақтамен жұмыс, электрондық оқулықтар курстық кейстер, автоматтандырылған оқыту бағдарламаларын әзірлеу мен оқыту үдерісінде тиімді пайдалану-ғасыр талабына сай, бәсекелестік қабілеті зор, сапалы маман даярлаудың негізгі жолдары болып отыр.

Әдебиет

1. Ундозерова А.Н. Развитие идей компьютерного обучения. История и современность: моногр. / Е.В. Ширшов, Т.С. Буторина, А.Н. Ундозерова. – Архангельск: Изд-во Арханг. гос. техн. ун-та, 2007. – 307 б.
2. «Сарыарқа самалы» газеті, Жоба 2011-2020 жж, – № 53. – 2010.
3. Оқыту-тәрбиелеу технологиясы. – № 5. – 2010. – 11 б.

УДК 372.853

ИЗ ОПЫТА РАЗРАБОТКИ ОБРАЗОВАТЕЛЬНОЙ МОДУЛЬНОЙ ПРОГРАММЫ
ПО КУРСУ ОБЩЕЙ ФИЗИКИ

К.А. Нурумжанова, Ж.А. Сембенова

Бұл мақалада жалпы физика курсындағы электродинамика тарауына арналған студенттердің білімін тексеру және бақылау бойынша модульдік бағдарлама құрастыру әдістемелік мәселелері қарастырылған.

В данной статье представлен опыт разработки модуля и методических требований к контрольно-оценочному модулю по теме «Магнитные свойства вещества» по курсу общей физики для бакалавриата.

In this article experience of development of the module is presented and methodical requirements to the control-evaluation module on the topic «Magnetic properties of substance» on-course general physics for bakalavr.

